

Б. ӘБДІКӘРІМҰЛЫ
Қ.А. САРБАСОВА



پداگوگيا
ПЕДАГОГИКАСЫ

Әбдікәрімұлы Б., Сарбасова Қ.А. М.Қашқари педагогикасы: Оқу құралы . – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - 96 бет.

Оқу құралында М.Қашқаридің педагогикалық мұрасына қатысты материалдар бірнеше тақырыптарға бөлініп қарастырылады. Сонымен қатар әрбір тақырыптың соңында бақылау сұрақтары, тапсырмалар және қолдануға ұсынылатын әдебиеттер беріледі. Өзін-өзі тексеруге тест сұрақтары, өз бетімен білімді жетілдіруге және ғылыми шығармашылықты дамытуға бағытталған реферат тақырыптары мен шығармашылық тапсырмалар ұсынылады.

Оқу құралы жоғары оқу орнының студенттері мен магистранттарға, сондай-ақ жалпы педагогика ғылымы саласының мамандарына арналған.

Пікір жазғандар: педагогика ғылымдарының
докторы, профессор С.Т.Каргин;
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор С.К.Кариев

ISBN 9965-604-80-0

**© Әбдікәрімұлы Б.,
Сарбасова Қ. А.,
2008**

**Еуразия гуманитарлық институтының Ғылыми-
әдістемелік Кеңесі ұсынған**

**Әбдікәрімұлы Болат
Сарбасова Қарлығаш Амангелдіқызы**

М.Қашқари педагогикасы

(оқу құралы)

Кіріспе

Қоғамымыздың жаңа қарқынмен алға өркендеуі, егеменді еліміздің болашақтағы дамуы келешек жастар тәрбиесіне байланысты. Қазақ халқы өзінің бүгінгі күнін бағалай отырып, өткен өміріне көз салуды, тарихи тәжірибеден сабақ алуды, мәдени дәстүрлерін, озық әдет-ғұрпын, өмір салтын зерттеуді, оларды ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жеткізуді әрқашан мақсат етіп қойғаны белгілі. Халықтың ғасырлар бойы жинаған осынау бай тәжірибесін бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде аса тиімді, шығармашылықпен қолдана білу - әрбір ұстаздың міндеті.

Мемлекетіміздің ертеңгі болашағы - мектеп жасындағы жас жеткіншектер. Оларды халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге үйреткен абзал. Өз халқының мәдени мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің оқушы тұлғасын қалыптастыруда маңызы зор.

Бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінің ерекше мәнге ие болуы қазақ педагогика ғылымының қайнар көздерін қайтадан саралап, шынайы мазмұнын анықтауды талап етеді. Танымдық ұлағаты мол мәдениет пен терең ақыл-ойдың мектебі болып табылатын М.Қашқаридің педагогикалық мұрасындағы жетекші идеялардың жаңа заманның адамдарын тәрбиелеудегі құндылығы жоғары.

XI ғасырда өмір сүрген түрік ғұламасы, даналардың данасы Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегі барлық түрік өркениетінің шежіресі ретінде ерекше бағаланады. Бұл еңбек жалпыадамзаттық, ұлттық және адами құндылықтардың жүйесі ретінде педагогика ғылымының төрінен орын алады. Философиялық, әрі педагогикалық трактат пен тілі білімінің негізін тұжырымдаған аталмыш

еңбек барлық түрік мәдениетін әлемдік деңгейге көтеріп, оның құндылығын айқындай түседі.

Ұсынылып отырған оқу құралында Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігіндегі» педагогикалық мәселелер талданып, оның қазіргі педагогикамен байланысы ашып көрсетіледі.

Оқу құралы 6 тақырыптан тұрады. Әрбір тақырыпты терең оқып-үйрену М.Қашқаридің педагогикасын жан-жақты меңгеруге мүмкіндік береді.

Бірінші тақырып ұлы ойшылдың өмірі мен оның атақты еңбегі «Диуани лұғат-ит-түрк» («Түрік сөздігі») туралы мағлұматтарды, екінші тақырып М.Қашқари мұрасы бойынша жүргізілген зерттеулер туралы материалдарды қамтиды. Қалған тақырыптардың мазмұнын ұлы ұстаздың педагогикалық ой-пікірлеріне жасалынған жан-жақты, әрі терең талдау құрайды.

Білімді тексеру оқу материалын меңгерудің нәтижесін көрсетеді. Осы мақсатпен әрбір тақырып соңында ұсынылатын бақылау сұрақтары студенттердің білімін тексеруді көздейді.

Тест сұрақтары, реферат тақырыптары және шығармашылық тапсырмалар болашақ мамандардың дүниетанымдық ой-өрісін, шығармашылық белсенділігін және ғылыми ізденімпаздығын дамытуды көздейді.

Қосымша материалдарда М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінен үзінділер беріледі. Сонымен бірге оқу құралында ұлы ойшылдың педагогикасын өз бетімен терең оқып-үйрену үшін әдебиеттер тізімі ұсынылады.

Оқу құралы тек студенттерге ғана емес, мектеп мұғалімдеріне және ғылым тарихымен әуестенуші барша оқырманға да пайдалы болады деп сенеміз.

Тақырып 1. Данышпан ғалым, кемеңгер ұстаз М.Қашқаридің өмірі мен оның атақты еңбегі «Диуани лұғат-ит-түрк» («Түрік сөздігі»)

Түркі өркениетінің шежіресін жазып, өз есімін мәңгілік еткен данышпан ғалым, кемеңгер ұстаз Махмұт Қашқари шамамен 1029-1030 жылдары туған деген болжам бар [1; 2]. Оның әкесі Құсайын ибн Мұхаммед Қараханид мемлекетінің әмірі Насыр ибн Әлидің мұрагері болған, Ыстықкөл көлінің жағалауында орналасқан Барсхан (Барсған) қаласында туған. Құсайынның ұлы Махмұт та құнарлы Талас, Шу топырағында, Барсхан (Барсған) қаласында дүниеге келген. Қаланың аталуы туралы ғұлама былай деп жазады: «Барсған – Афрасиабтың ұлының есімі. Барсған қаласын салдырған сол. Бұл Махмұдтың атасының шаһары. Бағзы біреулер ұйғыр хақанының Барсған есімді ат бағары болушы еді. Осы жердің ауасы жақсы болғандықтан, жылқыны сол жерде бағушы еді, кейін келе соның есімі осы жердің атағына айналған деседі. Сөйтіп, Барсған аталып кетті дейді» [3.Б.155]. Барсхан Шу өзенінің жоғары ағысындағы, осы күнгі Қырғызстанның Токпақ қаласының жоғарғы жағында, Ыстықкөлге баратын тас жолдың бойындағы ортағасырлық ескерткіш [4.Б.42]. М.Қашқаридің ата тегі туралы ғалым Әмір Наджип өзінің «Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв.» деген еңбегінде: «Оның Қашқари деген лақап аты Қашғарда дәріс алып, сонда тұрғандығын ғана аңғартады. Автордың өзінің сөзі бойынша, ол ортаазиялық әскери қолбасшы, белгілі отбасынан, оғыз ортасынан шыққан. Ол жайында өзі «Біздің бек бабамыз «әмір» деген сөзді «хамир» деп атайды. Себебі, оғыздардың «әмір» деген сөзді айтуға тілі келмейді.

Сондықтан олар міндетті түрде «хамир» деп айтады» - деп жазған [5.Б.33].

М.Қашқаридің ұлы тұлға болып қалыптасуына отбасы тәрбиесі мен Қараханидтер дәуірінің ықпалы зор болды. Ол бек тұқымы бола тұра, әскери және әкімшілік қызметтен бас тартып, күрделі жолды – білім-іліммен шұғылдануды таңдады. Қараханидтердің басқару кезеңі ғылым, мәдениет және ағарту саласының біршама дамыған уақыты болды. Махмұттың шешесі Бюби Рабияның әкесі Мұхаммед ибн Жүсіп өзінің жалғыз қызын ерте жастан сауаттылыққа үйретуге тырысты, қатаң адамгершілік ережелерді оқытты. Мұның өзі Бюби Рабияға ұлы Махмұтқа жан-жақты тәрбие мен білім беруге мүмкіндік берді [2.Б.124]. Соның нәтижесінде күллі батыс пен шығысты аузына қаратқан Қарахандар заманындағы өркениеттің ең үздік туындысы дүниеге келді. Ол түрік өркениетінің тәлімдік-тәрбиелік тәжірибесін паш ететін өте құнды мәдени мұра - «Диуани лұғат-ит-түрк» («Түрік сөздігі») атты кемеңгер ойшыл М.Қашқаридің еңбегі. Осы еңбегінде ғұлама өзі және кітап жазудағы мақсаты туралы былай дейді: «Сонымен, мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым. Бұл бір мәңгілік

жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат-ит-түрк – Түрік тілдерінің диуаны» деген ат бердім» [б. Б.8].

М.Қашқаридің өзіне берген мінездемесінен оның әйгілі түркі тайпаларынан шыққанын, ұлағатты тәрбие алып, білімнің қыр-сырын меңгерген текті, парасатты, данышпан адам екенін аңғаруға болады. Ол ғылымның терең түкпіріне үңіле отырып, түрік өркениетінің тарихын, географиясын және мәдениетін жетік игеру үшін түркі елдерін аралап, құнды дерек көздерін жинақтаған, алған білімі мен мол тәжірибесі негізінде кейінгі ұрпақ тәрбиесінде баға жетпес құнды, мәңгі жасайтын еңбек қалдырған ғалым болып табылады. Оның «Түрік сөздігін» жазудағы негізгі мақсаты түрік елінің ұлылығын таныту, түрік тілінің жасампаздығын жариялау және түрік өркениетінің рухани күш-жігерін, елдік парасатын және ғылыми дүниетанымын паш ету екенін еңбектің кіріспесіндегі мына ой-пікірлер дәлелдейді: «Мен тәңірінің дәулет ұясын түріктер бұржысында жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырғанын көрдім. Тәңірі оларды «Түрік» деп атады. Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады...Пайғамбарымыз қиямет белгілері, ақырзаман бітінәләрі және оғыз түріктерінің жорыққа шыққандығы туралы айтқанда: «Түрік тілін үйреніңіздер, сонда олардың егелігі ұзақ дәуірлі болмақ,» - деген екен. Бұл хадистің (қағида сөздің) дұрыс-бұрыстығына сол айтушы кісілердің өздері жауапкер. Бұл сөз шын болса,

түрік тілін үйрену уәжіп, білген абзал, шын болмаған жағдайда, түрік тілін үйренудің зияндылығын ақыл ажыратар» [б.Б.30]. Сонымен бірге М.Қашқари өз еңбегін мұсылмандардың ерекше құрметтеген адамы Абдолла Мұқтади би Әміролла құзыретіне арнағанын айтады: «Бұл кітапты пайғамбарымыздың мәртебелі орнында отырған, Қасым ұрпағынан уа Аббастар әулетінен көшбасшы болған иеміз, ұлығымыз, әпендіміз, момындардың (мұсылмандардың) әмірі уа Тәңірінің қалпесі Мұхаммед ұғлы Әбілқасым, Абдолла Мұқтади би Әміролла құзыретіне арнадым. Тәңірі мәртебесін өсірсін, бақытты-ырысты ұзақ ғұмыр берсін!..» [б. Б.31].

Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» энциклопедиялық еңбегін тұңғыш рет қазақша аударған белгілі түркітанушы ғалым А.Қ.Егеубай аталмыш еңбектің алғы сөзінде: «Барша түрік әулетіндегі халықтардың қатарында қазақ елінің мәдениетіне, тіліне, өнеріне тікелей қатысты ұлы ескерткіштердің ішінде осы «Түрік тілдері жинағының» үш томдығы да ерекше шоқтықты биігінде бағаланады. Жүсіп Баласағұнның атақты «Құтадғу білік» дастаны хижра бойынша 462-жылы жазылса, Махмұт Қашқарлы бұл үш жинаққа топтастырылған, сегіз кітаптан тұратын тілтану жайлы еңбегін хижра бойынша 464 жылы бастап, 466 жылы аяқтап шыққан» деп тұжырым жасайды [б. Б.9].

«Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінің бүгінгі күнге жалғыз қолжазбасы жеткен, ол Стамбулда Миллет Генель кітапханасында сақтаулы тұр. Қолжазба 319 парақтан тұрады, өлшемі шамамен 239 x 165 мм, барлығы 638 бет бар, бұл беттер XX ғасырда нөмірленген. Ғұлама еңбекті хижра бойынша 466 жылы, біздің жыл қайыруымыз бойынша 1074 жылы аяқтаса, қолжазбада сақталынған

мәтін түпнұсқадан екі ғасыр өткеннен кейін хижра бойынша 664 жылы, біздің жыл қайыруымыз бойынша 1266 жылы көшірілген [7.Б.13]. Оны көшіруші Мұхаммед ибн Әбубәкір Әбл Фатих Махмұт Қашқаридің өз қолымен жазған түпкі нұсқасынан тікелей көшірілгенін куәландырып, хаттаған. «Бұл кітапты түпнұсқадан көшіріп болған күн 644 жылғы шәууәлінің 27 күнгі базар еді» деп, осы кітаптың соңында жазған, бұл қазіргі жыл санау бойынша 1-тамыз 1266 жыл болады.

Қолжазбаның сыртқы бетіндегі жазбаға қарағанда, ол 1400-1401 жылдары Каирде тұратын Мұхаммед ибн Ахмад Хатиб Дарайя деген адамға тиеселі болған. Стамбулға қолжазба 1517 жылы мамлюк мемлекетін Осман империясы басып алғаннан кейін әкелінген болу керек. Өйткені кейбір ескертулер мен түзетулер қатары осман дәуірінде жасалынғаны анық байқалады. XX ғасырдың басында қолжазба Түркияда тұратын Назиф Паша деген адамға тиеселі болады, ол оны өзінің туысқанына бағалы зат ретінде сыйға тартады. Шамамен 1917 жылы кітап Стамбулдағы кітап базарына саудаға шығарылады, одан белгілі түрік ғалымы Әли Әмір сатып алады. Кейіннен кітап (Әли Әмірдің барлық жинағандарымен) Стамбулда, Фатих ауданында орналасқан Миллет Генель кітапханасына түседі. Мұнда ол күні бүгінге дейін сақтаулы [7.Б.14]. Міне, осылайша М.Қашқаридің еңбегіне Уақыт ерекше тағдырды несібе етті, дегенмен қанша ғасыр өтсе де, білім мен шабыт көзі болып табылатын баға жетпес асыл мұра өзінің оқырмандарынан адаспай, әрқашан ғылым-біліммен нәрлендіріп тұратын қазына ретінде өміршеңдігін дәлелдеп, бүгінгі күнге де жетті.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұлы бабамыз М.Қашқари шамамен қай жылдары өмір сүрген?
2. М.Қашқаридің атақты еңбегі «Түрік сөздігі» қай жылдары жазылған?
3. М.Қашқаридің туған жерінің тарихы туралы не білесіз?
4. М.Қашқаридің шыққан тегі мен ортасы туралы не білесіз?
5. «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінің бүгінгі күнге жеткен қолжазбасы туралы не білесіз?

Тапсырмалар:

1. «М.Қашқаридің ұлы тұлға болып қалыптасуына отбасы тәрбиесінің әсері» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. <http://www.peoples.r> сайтынан ұлы бабамыздың өміріне қатысты материалдарды жинақтаңыз.
3. «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінің бүгінгі күнге жеткен қолжазбасы туралы хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне

- аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.
3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.3. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.
 4. Кешин К. Судьба и наследие первого тюрколога. – Простор. – 2006. - №1. – С.123-128.
 5. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
 6. Қалиева К.М. Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары: пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. – 132 б.
 7. Кононов А.Н. Изучение «ДивануЛугат ит-Турк» Махмуда Кашгарского в СССР // Советская тюркология. - 1973. - № 1.- С. 4.
 8. Халидов А. Б. «Диван Лугат ит-Турк» в сравнительном освещении с его арабским прототипом. - Советская тюркология. - 1984. Т. 4. - С. 85-90.
 9. Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках V в.до н.э. – XV в. н.э. – Алматы, 1998. – 240 с.
 10. Ирмуханов Б.Б. Тюрки: Судьба эноса и этнонима. – Мысль. – 2006. - №1. – С.72-79.
 11. Ирмуханов Б.Б. «Диван лугат ат-тюрк» Махмуда ал-Кашгари как исторический источник. - – Мысль. – 2007. - №6. – С.68-79.

Тақырып 2. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» («Түрік сөздігі») атақты еңбегі бойынша зерттеулер

XX ғасырдың басында ғұламаның ұлы еңбегі бүкіл әлемге әйгілі болды, оның айғағы - жарық көрген басылымдар (Кесте 1).

Кесте 1 – «Диуани лұғат-ит-түрк» басылымдары

р/с	Баспадан шыққан уақыты	Аудармашының аты-жөні	Жазылу тілі	Баспадан шыққан елі
1.	1915-1917 жж.	К.Рифат	түрік	Түркия
2.	1939-1941 жж.	Б.Аталай	түрік	Түркия
3.	1960-1963 жж.	С.Муталлибов	өзбек	Өзбек-стан
4.	1981-1984 жж.	Ибрахим Мутии Имин Турсун және т.б.	ұйғыр	Қытай
5.	1982-1985 жж.	Р.Дэнкоффом Дж.Келли	ағылшын	АҚШ
6.	1997-1998 жж.	А.Егеубай	қазақ	Қазақ-стан
7.	2005 ж.	З.-А.М.Әуезова	орыс	Қазақ-стан

XX ғасырда «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегі түрік дүниесінің әлемдік ғылым қазынасына қосқан ұлы мұрасы ретінде танылып, ғалымдардың зерттеу еңбектеріне арқау болды. Оның 1915-1917 жж. жарық көрген бірінші басылымының (К.Рифат) өзі халықаралық ғылыми қоғамдастықтың ерекше қызығушылығын тудырды.

Атақты неміс ғалымы, шығыстанушы К.Брокельманн 1918 жылдардан бастап, М.Қашқари еңбегінде келтірілген түрік тайпаларының өмірі мен жергілікті тілдеріне қатысты грамматикалық ерекшеліктер, мақал-мәтелдер, мәліметтер туралы бірнеше мақалалар жазды [8;9;10]. Сонымен бірге 1928 жылы К.Рифаттың басылымы негізінде «Орта түрік тілінің сөздігін» [11] құрастырды. 1921 жылы неміс шығыстанушысы Г.Бергштроссер «Диуани лұғат-ит-түрк» құрылымына арналған мақала жазды, онда «Диуани лұғат-ит-түрк» құрылымын әл-Фарабидің «Диуани әл-Адаб» еңбегінің құрылымымен салыстырды [12]. Мұнда түсіндіре кететін жайт, «Диуани әл-Адам» («Әдеби жинақ») еңбегінің авторы Фараб қаласынан шыққан оқымыстылардың бірі Әбу Ибраһим Исхақ ибн Ибраһим әл-Фараби деген ғалым. Оны ғылым әлеміне танытқан аталмыш еңбегі 1974-1978 жылдары Каирде 4 том болып жарияланған, бұл еңбекте автор тіл білімінің көптеген мәселелерін қорытып, поэзия мен проза, мақал мен нақыл сөздердің анықтамасын береді, тіл, әдебиет салалары бойынша тың ой-пікілер айтады [13. Б.15]. 1923 жылы Ф.Хоммел «Түрік сөздігінде» келтірілген ежелгі түрік мақал-мәтелдері туралы мақала жазды [14].

Орыс шығыстанушысы В.В.Бартольд 1921 жылы Петроградта Орыс Археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің мәжілісінде «ХІ ғасырдағы түрік-араб сөздігі» атты баяндама жасады. Сонымен бірге «Түрік сөздігіндегі» тарихи-этнографиялық материал В.В.Бартольдтің Орта

Азиядағы түрік халықтарының тарихы бойынша атақты дәрістерінде баяндалған түріктер тарихының тұжырымдамасын жасауға негіз болды. Осы жылы орыс түркітанушысы С.Е.Малов өзінің ежелгі түрік әдебиеті бойынша хрестоматиясына [16] «Түрік сөздігінен» орысша аударып, бірнеше өлеңдер енгізді, ал 1951 жылы «Ежелгі түрік жазбаларының ескерткіштері» атты зерттеу жұмысын дайындады, онда «Түрік сөздігін» оқып-үйренуге қатысты көптеген материалдар келтірілген.

20-жылдары «Түрік сөздігі» кеңестік ғалымдардың назарын аударып, Азербайжанда Б.Чобанзаде [17] мен П.К.Жузенің [18], Татарстанда Дж.Велидовтың [19], Өзбекстанда А.Фитраттың [20] ғылыми еңбектері жарық көреді.

30-жылдардан бастап түрік шығыстанушысы М.Ф.Копрюлю «Түрік сөздігі» материалдарына сүйене отырып, түрік тілдерінің тарихына арналған бірнеше еңбектер жазды [21;22;23;24]. Басқа түрік оқымыстысы А.З.Валиди Тоган 1932 жылы «Түрік сөздігінің» жазылу мерзімін нақтылау және М.Қашқаридің өмірбаянын қайта жасау мақсатымен мақалалар жазды [25; 26].

1935 жылы А.Геррманн «Түрік сөздігіне» енген әлемнің ең ежелгі түрік картасы ретінде белгілі М.Қашқаридің дөңгелек картасы туралы мақала жариялайды [27]. Бірнеше жылдар өткен соң Кеңес Одағында бұл тақырып бойынша И.И.Умняков [28] айналысады. 1939 жылы КСРО-да «Түркмендер мен Түркмения тарихы бойынша материалдар» деген ғылыми жинақ жарық көрді [29], оған М.Қашқари және оның еңбегі туралы мәлімет келтірген В.И.Беляевтің еңбегі, «Түрік сөздігінен» И.Н.Лемановтың орыс тіліне аударған түркмен-оғыздарға арналған үзінділері енгізілген.

Б.Аталайдың аударған түрік тіліндегі «Түрік сөздігі» басылымының жарық көруі (1939-1941 жж.) түрік тілін меңгерген ғалымдардың М.Қашқари еңбегін терең, әрі жан-жақты оқып-үйренуіне мүмкіндік берді. Бұл туралы көрнекті кеңестік түркітанушы ғалым А.Н.Кононов былай дейді: «Аталайдың аудармасы түркітанушылардың қолына терең ой-пікірлер мен маңызды қорытындыларға бай материалдары бар еңбекті ұсына отырып, түркітанудың дамуында айрықша роль атқарды» [30]. «Түрік сөздігін» зерттеу тарихында Б.Аталайдың қолжазбаның факсимильді басылымын (1941 ж) және индекс сөздігін (1943 ж.) жарыққа шығаруы маңызды оқиға болды. 50-жылдары О.Прицак қараханидтер тарихы мен М.Қашқаридің өмірбаяны туралы дау тудыратын мәселеге арналған мақала жазды [31]. 1956 жылы А.Бомбачи «Түрік әдебиетінің тарихының» бір бөлімін «Түрік сөздігінде» келтірілген поэтикалық нақыл сөздерге арнады [32]. 1958 жылы «Түрік сөздігі» материалдарымен байланысты қазіргі түрік тілдерінің тарихына арналған С.Ахаллының зерттеуі жарық көрді [33]. 1959 жылы «Түрік сөздігі» материалдары негізінде қазақ тілінің жасалу тарихы туралы С.К.Ибарагимов пен В.С.Храковский зерттеулер жүргізді [34].

Кеңестік түркітану ғылымының тарихында «Түрік сөздігінің» С.Муталлибовтың өзбек тіліне аударған басылымының жарық көруі маңызды оқиға болып, түрік тілінің тарихы бойынша бірнеше тың зерттеулерге жол ашты. 1960-70 жылдары М.Қашқари мен оның ұлы еңбегі «Түрік сөздігінің» әртүрлі салаларын қарастырған бірнеше зерттеулер жүргізілді. Олардың көпшілігі тілтану мәселесіне, түркі тілдерінің тарихы мен жіктемесін оқып-үйренуге арналған (олар туралы нақты мәліметтерді

А.Н.Кононовтың мақаласынан алуға болады [35]. Олардың ішінде «Түрік сөздігіндегі» түркі ауыз әдебиетінің дамуын зерттеген түркітанушы ғалым И.В.Стеблеваның еңбегін ерекше атауға болады [36]. Ал Х.Хасанов Орта Азия ғалымдарының географиялық мұрасын зерттей отырып, М.Қашқари еңбегіндегі түрік жұртының географиялық жағдайына талдау жасады [37].

1970 жылдары американдық ғалымдар Р.Дэнкофф пен Дж.Келли «Түрік сөздігі» туралы бірнеше мақалалар жариялады [38;39;40;41], ал 1982-1985 жж. оның ағылшын тіліндегі аудармасын басып шығарды.

1980 жылдары «Түрік сөздігі» материалдары қарастырылған еңбектердің ішінен Х.Короглының ежелгі түрік әдебиеті туралы еңбегін [42], сонымен бірге петербургтық шығыстанушы А.Б.Халидовтың «Диуани лұғат-ит-түрк» пен әл-Фарабидің «Диуани әл-Адаб» кітабын салыстырған зерттеуін ерекше атап өтуге болады [43].

Қазақстанда да М.Қашқари мұрасына ғалымдар ерекше назар аударып, оны әр салада қарастырды. Олардың ішінде белгілі тарихшы ғалым Б.Ирмухановтың «Түрік сөздігін» тарихтың қайнар көзі ретінде қарастыратын еңбектерінің [44; 45; 46] құндылығы жоғары деп айтуға болады. Тіл ғылымы тарапынан да «Түрік сөздігі» бірнеше диссертациялардың (М. Жүнісова «Ескі түркі тіліндегі етіс категориясы (М. Қашқари сөздігі бойынша)», М. Бейсенова «М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары», т.б.) зерттеу нысаны болды. Сонымен бірге А.Қ.Құрышжанов [47], Ә.Қоңыратбаев [48], Х.Сүйіншәлиев [49], М.Томанов [50], Қ.Өмірәлиев [51], Г.Г.Мұсабаев [52], Н.Ысқақова [53], А.Т.Қайдаров [54], А.Оразбеков [55], Қ.Аманжолов [56], т.б. еңбектері

ғұламаның өмірінің өнеге екендігін және оның мәңгілік мұрасында ана тіліміздің, туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің түп негіздері, төл заңдылықтары ғылыми тұрғыдан тұжырымдалғанын дәлелдейді. Қазақ ғалымдарының айтары мол, құнды еңбектерінен ежелгі әдебиеттен жалғасқан дәстүрлі үрдіс мәселесі жайында да салмақты пікірлер табуға болады. Дәстүр жалғастығын басты нысан ретінде ұстанған Н.Келімбетовтің «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы» [57], А.Егеубайдың «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі (X-XII ғасырлар)» [58] атты докторлық диссертациялары М.Қашқари мұрасын зерттеу бойынша Қазақстанда орындалған қомақты зерттеулер болып табылады. Сонымен бірге А.Егеубайдың «Диуани лұғат-ит-түрікті» қазақ тіліне аударуы [3;5;59] М.Қашқаридің мұрасын қазақ халқының мәдениеті мен тарихына қатысты терең оқып-үйренуге мүмкіндік беріп, тың зерттеулер жүргізуге жол ашатынына сеніміміз мол.

Бақылау сұрақтары:

1. «Диуани лұғат-ит-түрк» басылымдарына сипаттама беріңіз.
2. Орыс шығыстанушысы В.В.Бартольд 1921 жылы Петроградта Орыс Археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің мәжілісінде қандай баяндама жасады?
3. Орыс түркітанушысы С.Е.Маловтың ежелгі түрік әдебиеті бойынша хрестоматиясы туралы не білесіз?
4. Орыс түркітанушысы С.Е.Малов 1951 жылы қандай зерттеу жұмысын дайындады?
5. 1935 жылы А.Геррманн қандай мақала жариялады?

6. Б.Аталайдың аударған түрік тіліндегі «Түрік сөздігі» басылымының жарық көруі ғұламаның мұрасын зерттеуге қандай мүмкіндіктер тудырды?

7. Қазақстанда М.Қашқари мұрасына қатысты зерттеу жүргізген қандай ғалымдарды білесіз?

Тапсырмалар:

1. «М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» бойынша зерттеулер» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. Кеңестік түркітану ғылымының тарихында «Түрік сөздігінің» зерттелу жағдайы бойынша ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.
3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.3. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.
4. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. - М., 1989, С. 33.

5. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
6. Қалиева К.М. Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары: пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. – 132 б.
7. Кононов А.Н. Изучение «ДивануЛугат ит-Турк» Махмуда Кашгарского в СССР // Советская тюркология. - 1973. - № 1.- С. 4.
8. Кононов А.И. Изучение «Дивану Лугат ит-Турк» Махмуда Кашгарского в СССР// Советская тюркология. Т. 1. - 1973. - С. 5-9.
9. Хасанов Х. Географическое наследие ученых Средней
10. Короглы Х. Древнетюркская литература. - Советская тюркология. - 1988. Т. 5. - С. 16-21.
11. Халидов А. Б. «Диван Лугат ит-Турк» в сравнительном освещении с его арабским прототипом. - Советская тюркология. - 1984. Т. 4. - С. 85-90.
12. Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках V в.до н.э. – XV в. н.э. – Алматы, 1998. – 240 с.
13. Ирмуханов Б.Б. Тюрки: Судьба эноса и этнонима. – Мысль. – 2006. - №1. – С.72-79.
14. Құрышжанов А. Түркі тілдері бойынша алғашқы зерттеу жұмысы туралы (Махмұд Қашғари еңбегінің 900 жылдығына). Жинақта: Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969. - 276 с.

Тақырып 3. М.Қашқаридің «Түрік сөздігі еңбегі» - қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі

Ғұламаның атақты еңбегі «Түрік сөздігін» оқып-үйрену және теориялық тұрғыдан талдау бұл тек сөздік, немесе тілтану мәселелерін ғана қарастырған еңбек еместігін, онда біздің ата-бабамыздың ұрпақ тәрбиесі бойынша тәжірибесі жинақталып, түркі халқының педагогикалық тұжырымдамасы негізделгенін айқын көруге болады. М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасына халықтық педагогика арқау болған. Ғұламаның мәселені былайша қоюы қазіргі педагогика және психология ғылымдары үшін де ерекше маңызға ие екендігін атап өтуге тура келеді. Педагогика ғылымының қайнар көздерін қайтадан саралап, шынайы мазмұнын анықтауды талап етеді. Танымдық ұлағаты мол мәдениеттің, терең ақыл-ойдың мектебі болып табылатын М.Қашқаридің педагогикалық мұрасындағы жетекші идеялардың жаңа заманның адамдарын тәрбиелеудегі құндылығы жоғары. Бұл жөнінде қазақстандық көрнекті ғалымдар Қ.Жарықбаев [60;61;62], С.Қалиев [60;62], Г.М.Храпченко, В.Г.Храпченко [63] құнды пікірлер айтып, өз еңбектеріне М.Қашқаридің педагогикалық идеяларын арқау еткен. Сонымен бірге К.М.Қалиеваның кандидаттық зерттеуінде М.Қашқари мұрасындағы педагогикалық идеялар анықталып, бір жүйеге келтірілген және оның тәжірибелік маңыздылығы айқындалып, жүзеге асырудың жолдары белгіленген [13]. М.Қашқаридің педагогикалық ой-пікірлері бойынша жүргізілген зерттеулер ғұламаның педагогика ғылымының қалыптасуында өзіндік үлесі бар екендігін айғақтайды. «Мен істі оңайлату үшін әрі кітапты ықшамдау үшін, менен бұрын ешкім түзбеген уа ешкім ешкімге мәлім болмаған

өзгеше бір тәртіпте түзіп шықтым. Бұл жазған еңбегім талапқа сай болсын, пайдаланушыларға анық, қолдануға қолайлы болсын деген ниетпен бірқатар қағидаларды түзіп, өлшем үлгілерін жасадым. Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға негіз болған түбір сөздерді алдым. Сондықтан, сөздің қысқасы жақсы, ілгері кеткендерге тура нышан көрсетіп, кең жол ашып беру үшін, өрлеп-өсу ниетіндегілерге саты қойып беру үшін осыларды істедім. Түрік халықтарының көрген-білгендерін толғайтын ақын-жыраулардан, қайғылы да қуанышты күндерде шыққан мағынасы терең мақал-мәтелдерден мысалдар келтірдім, енді мұны пайдаланғандар кейінгілерге, олар өзінен кейінгілерге жеткізсін» [6.Б.33] – деп, өз заманының ойшыл қоғам қайраткері болған ұлы ұстаз М.Қашқари педагогика ғылымының алдына тың міндеттер қоя білген. Ғұламаның еңбегіндегі танымдық және тәрбиелік маңызы зор материалдарды күнделікті іс-тәжірибеге енгізіп, өскелең ұрпаққа білім беру мен тәрбие ісінде пайдалану әрбір ұстаздың азаматтық борышы болып табылады.

«Түрік сөздігінде» 242 шумақ өлең, жыр, 200-ден астам даналық сөз бен мақал-мәтелдер, қанатты сөздер болса, солардың барлығы да оның педагогикалық сипатын айқын танытып, Махмұт Қашқари есімін педагогика ғылымының негізін салушылардың қатарында атауға мүмкіндік тудырады. Орасан зор халық педагогикасының бай тәжірибесін өз зерттеуінде топтастырып беруі оның тәрбие мәселесі бойынша білімділігін байқатып, ұстаздық ерен еңбегінің нәтижесі екендігін көрсетеді.

XI ғасырда туындағанымен, одан ерте кезеңдік түркілер тыныс-тіршілігінен хабар беретін «Түрік сөздігінен», ондағы халық педагогикасының қағидаларынан өмір шындығы мен оған сай сомдалған тұлға бейнесі барынша

айқын көрінеді. Ал мұндай көріністің зерттеуші еңбегінде бой көрсетуі оның құндылығын арттырмаса, кемітпесі анық. Бұл еңбекте даналық бастауы мен оның адам өмірінде алар орны, тәлімдік-тәрбиелік тағылымдар мен олардың тұлға қалыптастырудағы жетекші ролі, қаһармандық рух пен діни таным-түйсіктер, дүниені танудағы алғашқы ой-тұжырымдар мен табиғат тылсымына бас ию – бәрі-бәрі өзіндік орнын тапқан. Педагогиканың негізгі қағидаларын қамтыған осы секілді мәселелер «Түрік сөздігіндегі» сан тараулы ғылым арналарының бірінен саналады.

Көкірегі ояу, көңіл көзі қарақты әрбір түркі ұрпағы «Түрік сөздігіндегі» бәйіт-жырларды оқи отыра, мақтаныш сезіміне бөленіп, ризашылдық, тәубе ету секілді күйді бастан кешіреті хақ. Себебі, батырлық-ерлік жайындағы жырлар өршілдікті, өзгені жеңіп, аспаннан қараған асқақтықты танытса, дидактикалық мәндегі бәйіттер бабаларымыздың тұла бойлары ақылға тұнған данагөй болғандығынан хабардар етеді. Ал имандылықты паш етер өлең жолдарынан жаны таза, рухы биік жандардың, бар дүниені Алла жолына тәрк еткен адамдардың таным-білігі танылады. Ал, ең бастысы ғұламаның негізгі ой-пікірлері жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған, яғни педагогиканың негізгі өзегі тәрбие мәселесіне арналған. Мәселен:

«Бақпас халық сүйкімсіз,
Сұрықсыз жүз сараңға.
Түзулікті ал, ұлым,
Қалсын даңқың соңында»» немесе
«Заман өтер, кісі тоймас,

Адам ұлы мәңгі қалмас»¹ - деген терең ойлар қазіргі педагогиканың негізгі зерттеу пәні адам мәселесіне арналып тұрғанын аңғартады. Мұндағы басты түйін – осы өмірде адам болу, «Адам» деген ұлы атқа құрметпен қарау, адамның өмірдегі мәнін түсіну. Өмірде толық адам және өзіндік ұстанымы бар тұлға болу үшін жамандардың жасаған залымдығына назаланып, өш-кек аламын деп мақсат қоймай, керісінше басқаларға жасқсылық, ізгілік етудің қажеттілігін көрсетеді. Әрбір заман өтетінін, осы заманда ешкімнің мәңгілік еместігін әрқашан есте ұстап, қоғамға, айналадағыларына қажетті адам, тұлға болуға талпынудың маңыздылығына тоқталады. Мұның өзі қазіргі педагогикадағы тәрбие үрдісінің негізгі мақсаты - қоғамға керекті және пайдалы жеке тұлғаны қалыптастырумен тікелей астасып жатыр.

«Ұл, менен насихат ал, жәрдем тіле,

Елде ұлық, дана болып, білік үлес» - деген ғұламаның ұлағатты ой-пікірлері жас ұрпақты даналыққа, тәрбиелі болуға, білімді игеруге шақыра отырып, білімді болсаң, ұлықтық - ел басқару дәрежесіне жетсең, жақсылық, ізгілік ету халқынның алдында еліннің игілігі үшін парыз екендігін дәріптейді.

Ұлылықты тілеймін,

Мал-дүниеммен тіреймін.

Тілегіме жетемін,

¹ Ой-пікірлер Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы/ Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997-98 кітабы бойынша беріледі.

Жылқым менің үптелер – дей отырып, ұлылыққа, адамдықтың шыңына жету жолында мал-мүлкімді құрбан етемін, бар малым үптелсе де, тілегіме жетуге тырысамын деген мазмұнда көрініс беретін кісілік келбетін келесі жыр толықтыра түседі:

Білімді іздедім,
Дананы таңдадым.

Білімге ұмтылған ұлына даналықтың даңғыл жолын нұсқап, әдепті болуды, адамдық қасиеттерді ұстануды насихаттайтын жыр «Түрік сөздігі» өлеңдерінің негізі болып табылады. Соның бірі:

Ұлым, саған қалдырамын мирасқа әдеп-ақлақ,

Біліктіге серік болғын, еліктеп бақ - ретінде көрініс табады. Бірінші тармақтағы «ақылақ» сөзі (араб) рухани-адамгершілік мағынасын қамтиды. Бұл туралы зерттеуші А.Елемесова «ақылақ» сөзі орыстың «нравственность» ұғымымен тең келетіндігін, «адамгершіліктің» «человечность» баламасымен өз орнында қолданылуы тиіс екендігін айтып, «ақылақ» сөзін қазақ терминологиясына енгізуді ұсынады [158.Б.51]. Зерттеуші пікірін негізге алар болсақ, өлеңде көрсетілген «әдеп-ақлақ» ұғымы мен оны ұрпағына мирасқа қалдыру идеясы көне түркі педагогикасынан жалғасым тапқан руханият мәселесін қамтитындығын көреміз.

Бақылау сұрақтары:

1. М.Қашқаридің педагогикалық мұрасындағы жетекші идеялардың жаңа заманның адамдарын тәрбиелеудегі құндылығы туралы қандай ғалымдар пікір айтты?

2. «Түрік сөздігінің» мазмұнын не құрайды?
3. «Түрік сөздігінде» халық педагогикасының қағидалары қандай орын алады?
4. М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінің педагогикалық негіздерін дәлелдеңіз.
5. М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінде Адам мәселесіне қандай орын берілген?

Тапсырмалар:

1. «М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі педагогика ғылымының негізгі мәселелері» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінің адамзат қоғамы үшін құндылығына талдау жасаңыз.
3. М.Қашқаридің жалпы педагогикалық идеялары туралы ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.
3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.3. / Қазақ тіліне

аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.

4. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. - М., 1989, С. 33.
5. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
6. Қалиева К.М. Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары: пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. – 132 б.
7. Кононов А.Н. Изучение «ДивануЛугат ит-Турк» Махмуда Кашгарского в СССР // Советская тюркология. - 1973. - № 1.- С. 4.
8. Кононов А.И. Изучение «Дивану Лугат ит-Турк» Махмуда Кашгарского в СССР// Советская тюркология. Т. 1. - 1973. - С. 5-9.
9. Хасанов Х. Географическое наследие ученых Средней
10. Короглы Х. Древнетюркская литература. - Советская тюркология. - 1988. Т. 5. - С. 16-21.
11. Халидов А. Б. «Диван Лугат ит-Турк» в сравнительном освещении с его арабским прототипом. - Советская тюркология. - 1984. Т. 4. - С. 85-90.
12. Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках V в.до н.э. – XV в. н.э. – Алматы, 1998. – 240 с.
13. Ирмуханов Б.Б. Тюрки: Судьба эноса и этнонима. – Мысль. – 2006. - №1. – С.72-79.
14. Құрышжанов А. Түркі тілдері бойынша алғашқы зерттеу жұмысы туралы (Махмұд Қашғари еңбегінің 900 жылдығына). Жинақта: Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969. - 276 с.

Тақырып 4. М.Қашқари еңбегіндегі тұлға мәселесі

Қазір егеменді елімізде болып жатқан жаңалықтар қоғамдық процестің барлық саласындағы демократияландыру, ізгілендіру мәселелерін күн тәртібіне қойып отыр. Жанару процесі, алдымен, адамның өзінен басталу керек. Себебі, адам - қоғамның жаңа сапалық деңгейге көтерілуінің басты тұлғасы. Адамды жан-жақты, рухани болмысы жоғары етіп тәрбиелеудің қырлары көп. Оның алғашқы нышандары адам бойында жас кезінен қалыптасуы керек. Сондықтан адамды танымның басты субъектісі ретінде тарихи-қоғамдық даму тұрғысынан қарастыру өмірдің талабынан туындап отырады. Адамдар арасындағы барлық қарым-қатынасты адамгершілік пен әділеттілік принциптеріне негіздеп құруды талап етіп отырған қазіргі еліміздегі ізгілендіру идеясы да, пәрменді әлеуметтік саясат та осыны көздейді. Мұның өзі М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының бүгінгі күндегі жас ұрпаққа тәрбие беру мақсатымен үндесіп жатқандығын аңғартады.

Халық педагогикасынан нәр алған М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының негізгі өзегі - орта ғасырдағы түркі баласының бейнесі - «ұлылыққа ұмтылған», «білімділікті іздеген», «даналықты таңдаған», «біліктіге серік болған», «бабалардың әдеп-ақлақты насихатын ұстанған» ірі тұлға. Өз заманындағы түркі баласының бейнесі туралы Махмұт Қашқари былай дейді: «Ұлы тәңірі: «Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «түрік» деп атадым, оларды күншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын» депті. Бұл жай олардың (түріктердің) басқа жұртқа қарағанда үстем екендігін көрсетеді. Сондықтан да

Тәңірдің өзі оларға ат берген, жер жүзінің ең биік, ыңғайлы, ең әуесі таза шұрайлы өлкелеріне орналастырған да, оларды «Өз қосыным» деп санаған. Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай көп мақтаулы қасиеттерге ие. Бұл сипаттар мынадай жырда жырланған:

Қашан көрсең оны түрк,

Айтар оған ел мұны:

Соған тиер ұлылық,

Содан кейін үзілер!» [6.Б.408-409]. Түріктердің асқақ рухты ақылгөй, дана болғандығын айтып, тәңірінің өзі жарылқаған жандар екендігін мақтанышпен еске салады. «Түрік сөздігінің» мазмұнына терең үңіліп қарайтын болсақ, М.Қашқари қара сөзбен жазып өткен түркі баласының бейнесі жыр бойына өзек болып, рухани бай, биік адамгершілікті тұлғаның сомдалатынын байқаймыз. Ғұлама сипаттаған түркі баласы бейнесі араға он ғасырдай уақыт салып төмендегіше көрініс табады: «Қазақтар ержүрек, еркіндікті сүйетін халық, бірақ өзге де көшпелілер сияқты елгезектеу. Олар достарына ақкөңіл де, қонақжай, жолаушыға қайырымды, алайда жауларына аяусыз. Оларға - ұлға үлкенді құрметтеу, әкеге әкелік борышты сезіне білу тән» [6.Б.19]. Ағылшын зерттеушісі Дж. Уорделл 1958 жылы шыққан «Қырғыз даласында» атты еңбегінде осылай деген еді. «Сырт көз - сыншы» дегендей, осы айтылған ой-пікірлер арқылы ұрпақтар сабақтастығының өзіндік жалғасын тауып келе жатқанын байқаймыз. Мұның өзі қанша уақыт өтсе де, түркілер ұрпағы рухани әлемінің даму деңгейінің өзгеріске ұшырамағандығын аңғартады.

Махмұт Қашқари еңбегі қазіргі педагогикадағы дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік,

мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатымен толық үндесіп жатыр. Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамасында жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиенің жетекші ролі нақты айқындалған.

«Ұлықтық болса (тапсаң), сен ізгілік істе,

Кішік болғын, бектер қатарында жақсылықты жалғастыр» - дей отырып, тәрбиенің аға ұрпақ өкілдерінің жинақтаған тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізу құралы екендігін анықтайды. Тәжірибенің барлық адамдарға белгілі білім, білік, ойлау тәсілдерін, адамгершілік, этикалық, құқықтық ережелерді, яғни бір сөзбен айтқанда, адамзаттың тарихи даму процесінде жасалынған рухани мұра екендігі мәлім.

Жеке тұлғаны қалыптастыру олардың бойында ізгі адамгершілік қасиеттерді, тұлғалық сапаларды тәрбиелеуді көздейді. Адамдардың мінез-құлқының әртүрлі болатындығын, сондықтан тәрбиеге дербес тұрғыдан келу қажеттілігін ғұлама өз дәуірінде көре білген. Дербестіктің қайнар көздері туа біткен ерекшеліктер, бала дамуы жүретін орта және баланың өзіндік ұстанымы екендігін анықтаған. «Кіші аласы ішінде, мал аласы тысында, сыртында», «Бес бармақ түзу емес» - деген мақалдарды келтіре отырып, тәрбиеге әртүрлі тұрғыдан келу керектігін көрсетеді, яғни бұл жерде тәрбие әдістерін барлық адамға бірдей қолдануға болмайтындығына, оларды адамның бойындағы мінез-құлқына сай таңдап алу қажеттілігіне көңіл аударады. Бұл қазіргі кездегі педагогикадағы тәрбие әдістерін таңдап алудың мынадай шарттарымен байланысты: тәрбиенің мақсаты мен міндеттері; тәрбие мазмұны; тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері; ұжымның

қалыптасу деңгейі; тәрбиеленушілердің дербес және тұлғалық ерекшеліктері; тәрбие жағдайы (материалдық, психо-физиологиялық, санитарлық-гигиеналық, педагогикалық жағдаяттар); тәрбие құралдары; педагогикалық біліктілік деңгейі; тәрбие уақыты; күтілетін салдарлар.

М.Қашқари жеке тұлғаны қалыптастыру көзі дүниені танып-білу екендігін де көрсете отырып, дүниетаным жеке тұлғаның өмірлік ұстанымын, жалпы бағыттылығы мен мақсаттылығын айқындап қана қоймайды, ол адамның бүкіл бет-бейнесінен, мінез-құлқы мен іс-әрекетінен айқын аңғарылып тұратынын анықтайды. «Білікті, дана адамдарды тап, соларға еріп, еліктеп, жақын жүріп, олардан өнеге көр, ұқсап бақ» - деп жастарға бағыт береді. Бұл тұрғыда М.Қашқаридің педагогикалық идеяларын зерттеген ғалым К.М.Қалиева былай дейді: ««Сөздікте» дүниені танып білудің мүмкіндігі жөнінде айтылған ойлар аса жеткілікті. Қашғарлық автордың білім ойлау құралы, оның табиғат пен қоғам дамуы заңдылықтары көрініс тапқан фактілер, заңдар мен ұғымдарды жүйелілікпен меңгерудің қорытындысы деп кең мағынада түсінуіне заманының өзімен тұстас және одан бұрын өткен Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан Бируни, Жүсіп Баласағұни секілді есімдері ерте ғасыр әлеміне танымал болған энциклопедист ғалымдардың ықпалы болғаны байқалады» [13].

Дүниетанымның негізгі ұғымдары - «дүние» және «адам». Олар - ажырамас бірлікте. Яғни, адамнан бөлектенген дүние және табиғат, сондай-ақ сыртқы дүниемен салыстырылмаған адамның іс-әрекеті, ішкі рухани өмірі жоқ, әрқайсысы өз бетінше дүниетанымды құрай алмайды. Дүниеге көзқарасы арқылы адам өзінің тағдыры мен өмірлік ұстанымын қалыптастырады. Адам

мен дүние арақатынастары бір-бірімен жаңа байланыста қаралған сайын сыртқы материалдық әлем және ішкі рухани дүние туралы түсініктер тиянақталады. Осыдан келіп, дүниеге көзқараста біріншіден, әлем, табиғат және қоғам туралы, олардың бірлігі туралы, екіншіден, адам және оның дүниедегі орны туралы, үшіншіден, болмыс пен болашақтың мән-жайы туралы көңілге қонымды түсініктер қалыптаса бастайды. М.Қашқари сөздігінде атамекенімізге тікелей қатысты ел, жер, су аттары, антропонимдер жөнінде талдаулар, түсіндірмелер, аңыздар мен тарихи мағлұматтар көп. Ел мен жер, рулар мен түрлі лауазым, адам атаулары көптеген ғылыми болжамдарды растайды. М.Қашқари: «Ыстық көл – Барсғандағы бір көл, ұзындығы – отыз, ені он фарсах болады» [3. Б.19] (фарсах – ұзындық өлшемі, 6,24 шақырымға тең) – деп жазады да, түрік өлкесінің бірнеше көлін сипаттап, тізбелеп өтеді. Сонымен бірге ғұлама Шу қаласының салыну тарихы жайлы, Тараз, Баласағұн, Ісбіжап, Шаш, Қашқар секілді қалалар, Ертіс, Еділ, Іле секілді ірі өзендер туралы құнды деректерді келтіреді. М.Қашқари жасаған әлемнің дөңгелек картасы да ежелгі түрік географиясы және топонимикасы бойынша аса ғылыми дерек болып табылады. «Барс» атты мақалада М.Қашқари түрік жыл қайыруының пайда болуының мүлдем жаңа аңызын ұсынады: «Түріктердегі он екі - мүшел жылдардың бірі. Түріктер он екі түрлі хайуанның аттарын атап, он екі жылға ат берген. Балаларының жастарын, соғыс тарихтары мен сол секілді басқа жағдайларды сол жылдардың айналуымен есептеп шығарады. Оның келіп шыққан түп-тамыры мынадай: Түрік қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл ілгеріде өткен ұрысты талдап үйренбекші болған, сөйтіп сол ұрыс болған жылды анықтаған кезде жаңылысқан. Сол мәселе хақында қаған

халқымен кеңесіп, құрылтайда «Біз бұл тарихты анықтағанда қалай қателессек, біздің келешек ұрпақтарымыз да солай қателеседі. Сондықтан, біз енді он екі ай мен аспандағы он екі бұржыны негізге алып, әрбір жылға бір ат қояйық, бізден кейінгі жыл қайыру жылдардың айналысымен есептелсін, бұл біздің арамызда мәңгіге бір жәдігерлік болып қалсын» - депті. Халық қағанның бұл айтқандарын «солай болсын» десіп, құптайды. Сол оймен қаған аңға шығады да, барлық жабайы хайуандарды Іле өзеніне қарай қууды бұйырған. Бұл ағысы қатты үлкен дария. Адамдар аң аулай жүріп, хайуандарды Іле өзеніне қарай қуады. Бірқатар хайуандар суға секірген. Солардың он екі түрі судан жүзіп өтеді. Судан ең алдымен тышқан жүзіп өткен. Сол үшін жыл басы соның атымен талып, «тышқан жылы» деп ат қойылған» [5. Б.402-403]. Аңыздағы аталатын Іле өзені - қазіргі Іле.

Шындығында да, М.Қашқари еңбегінің энциклопедиялық туынды ретінде бағалануы бекер емес. Мұнда «Түркі халықтары мен тайпалары хақында», «Түркі тілдері туралы», «Тілдегі және сөйлегендегі өзгешеліктер туралы» мәселелерге арнайы тараулар беріліп, олардың қайсысы қай территорияны мекендейтіні, әдет-ғұрып ерекшеліктері, этностық ұғым-түсініктері, құндылық бағдарлары жайлы баяндалады. Астрономиялық атаулар, халықтық күнтізбе, киім-кишек, үй жиһаздары және оларға түсіндірмелерден тыс алуан түрлі тағам-сусын және оларды әзірлеу әдістері жайлы құнды мағлұматтар да мол. Түркі тайпалары жөніндегі сипаттамалар мен талдаулар қашғарлық ғалымның сол кездегі қоғамның саяси құрылымы, бағыт-бағдары, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, адамдардың өмір сүру салты, шаруашылығы мен кәсіп түрлері жөнінде жетік білгенін аңғартады. Бірегей

тұлға халықтардың тұрмысындағы өзіндік ерекшелігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына түркі халықтарымен салыстыра мән беріп, халықтық мәдениеттің нақтылай даму жолына көңіл аударып отырады. Бірқатар тайпалардың түркілер жеріне келуі мен қоныстануы жайлы деректер келтіріп баяндайды [13.Б.29-30]. Осы мәліметтердің барлығы М.Қашқаридің жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласынан кең тынысты ғажайып жан-жақты ғалым екендігін танытады. Өзі туып өскен түркі елін жете біліп қана қоймай, сол халыққа деген өзінің ерекше ықыласын, ниетін ашық білдіреді. М.Қашқаридің еңбегіндегі дүниетанымдық білімнің қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі құндылығына А.Егеубай былайша баға береді: «Жерлері мен атаулары, хикаялары мен деректері қазіргі қазақ сахарасының географиялық аясына үйлесіп тұрған М.Қашқаридің еңбектерінен Орта Азия халықтарының, күллі қырық тармақты түрік жұртының тұтастығын, қандастығын һәм қарындастығын еркін сезінеміз. Орталық Азия халықтарының өзара сенімі мен жақындаса түсуі дегенде бұдан асқан қандай тарихи құжат қажет. Түрік империяларының, қазақ сахарасының шекара желісінен бастап мемлекеттік құрылыс тарихына дейінгі сонау аса көне дәуірлерден бергі тың деректерді ғылым мен мәдениетте, өнерде тұтас бір ізбен желілеп шыққанның өзінде тұрақтылық пен қауіпсіздіктің жалпыхалықтық әліппесі түзіліп түсер еді-ау. Оны түйсінген ұрпақ қандай парасатты, бақытты толқын болып шығар еді!» [64]. Сондықтан М.Қашқари еңбегіндегі айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы көзқарастардың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы жеке тұлғаны қалыптастыру көзі болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. М.Қашқаридің еңбегінде орта ғасырдағы түркі баласының бейнесі қалай сипатталады?
2. М.Қашқаридің еңбегінде жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиенің жетекші ролі қалай ашып көрсетілген?
3. М.Қашқари еңбегінде жеке тұлғаны қалыптастыру көзі дүниетанымның алатын орны қандай?

Тапсырмалар:

1. «М.Қашқари еңбегіндегі жеке тұлғаны қалыптастыру» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. М.Қашқаридің жеке тұлғаны қалыптастыру туралы ой-пікірлерінің қазіргі таңдағы тәрбиенің мақсаты тұрғысынан маңыздылығын ашып көрсетіңіз.
3. «М.Қашқаридің тәрбиелік тағылымдары» тақырыбына ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.

3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.3. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.
4. Махмуд ал-Кашғари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
5. Қалиева К.М. Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары: пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. – 132 б.
6. Исхакова Н. М.Қашғари сөздігіндегі тура толықтауышты меңгеру //Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары, қоғамтану сериясы. – 1972. - март-апрель. Б.69-72.
7. Кайдаров А.Т. Уникальный лексикографический труд // Вестник АН Каз ССР, Вып.2, – 1960. - С.109-111.
8. Оразбеков А.У. Этическая мысль в Казахстане (с раннего средневековья до конца XIX в.). - Алма-Ата, 1982. - С. 24-36.
9. Аманжолов К. Түркілер туралы не білеміз?//Қазақстан тарихы.- №2. -1993. - Б.5-10.
10. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары): филол. ғыл. докт. дис. - Алматы, 2000. - 288 б.
11. Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі: филол. ғыл. докт. дис. - Алматы, 1999. - 282 б.


Тақырып 5. М.Қашқари еңбегіндегі тәрбие мазмұны

«Диуани лұғат-ит-түрк» («Түрік сөздігі») еңбегімен танысу М.Қашқаридің жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру мәселелерін қарастырып, құнды тәлім-тәрбиелік идеялар көтеріп қана қоймағанын, сонымен бірге онда түркілердің наным-сенімдері, ұлттық тарихи дәстүрлері, рухани құндылықтары мен мұраттары, өмір сүру салттары туралы мол қазына жинақталғанын аңғартты. Сонымен бірге еңбекте автор түркілер мінез-құлқындағы психологиялық және ұлттық ерекшеліктер мен жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесінің өзіндік сипаттарына ерекше мән береді. Мұның өзі М.Қашқаридің арғы тегіміз - түріктердің жас ұрпаққа тәрбие беру мазмұнын нақты ашып көрсеткенін дәлелдейді.

Тәрбие мазмұны деп оқушылардың алға қойған мақсат пен міндеттерге сәйкес меңгеруі тиіс білімнің, сенімнің, дағдылардың, тұлғаның сапалары мен қасиеттерінің, мінез-құлық әдеттерінің жүйесін айтатыны белгілі. Тәрбие мазмұнын ақыл-ой, адамгершілік, дене, еңбек, эстетикалық, имандылық және экологиялық тәрбие құрай отырып, тәрбиенің мақсатына қол жеткізуге, яғни жан-жақты, әрі үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, К.Ж.Ибраева, К.М.Калиева, т.б. М.Қашқаридің мұрасын зерттей отырып, оның педагогикалық көзқарастары мен негізгі тәлімдік-тәрбиелік ой-пікірлерін анықтап, оларды жүйелеу және бүгінгі таңдағы маңыздылығын айқындау бойынша ғылыми тұжырымдар жасайды. Біз М.Қашқаридің «Түрік сөздігін» терең оқып-үйреніп, талдау және жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулерін ғылыми-теориялық

тұрғыдан сараптау арқылы М.Қашқари еңбегіндегі тәрбие мазмұнын бөліп көрсеттік (Сурет 1):



Сурет 1 – М.Қашқари еңбегіндегі тәрбие мазмұны

М.Қашқари еңбегінде көтерілген тәлім-тәрбиенің негізгі саласы ақыл-ой тәрбиесі болып табылады. Ақыл-ой тәрбиесі адамның жан-жақты дамуына негіз бола отырып, таным қабілетін жетілдіруді, дүниетаным негіздерін, терең сенімдерді, болмыс құбылыстарына идеялық-эмоциялық қатынасты қалыптастыруды көздейді.

К.М.Қалиева өз зерттеуінде М.Қашқаридің ақыл-ой тәрбиесі жөніндегі идеяларын талдай отырып, мынадай пікір білдіреді: «Махмұт Қашқаридің аса бай мұрасынан біз үшін аса құндысы оның болашаққа ұмтылдыратын және білім алуға шақырған озық идеялары болып табылады. Автордың білімділіктің мәнін қалай түсінгендігі, оқу процесі жөнінде көзқарасы қандай болғандығы, ой-өрісті

жетілдірудің қандай әдістері мен тәсілдерін қолдануды ұсынатындығы аса үлкен ғылыми-педагогикалық қызығушылық туғызады. Оған қоса белгілі ғалымның ақыл-ой тәрбиесі мәселелеріндегі сіңірген еңбегін лайықты бағалау да аса маңызды» [13. Б.43].

М.Қашқари еңбегіндегі жас ұрпаққа ақыл-ой тәрбиесін беру мазмұнының негізін мынадай мәселелер қамтыды:

- білімді, ғылымды игерудің қоғамның дамуы үшін қажеттілігі. Оған ғұламаның «Ұл, менен насихат ал, жәрдем тіле, Елде ұлық, дана болып, білім үлес», «Ұлысында ұлы болсаң, біліміңді елге бер» - деген ұлағатты сөздері дәлел;

- білімді, ақылды болу үшін білімділердің, ғұламалардың еңбектерін оқу, даналардан өнеге алу, көп іздену қажеттілігі. Бұл жөнінде ғұламаның бірнеше ұлағатты ой-пікірлерін келтіруге болады:

«Ұлым, ақылымды алғын, біліксіздікті кетір,

Кімнің талқаны болса, соған сірне қатар»;

«Ақылды ерді ізгі тұтып, сөзін тыңда,

Істе қолдан, үйрен дағы өнерін»;

«Өнер-білім ізде, үйренуден өркөкірек болма, жиренбе,

Өнер-білімсіз білімденсе, сынақта қиналар», т.б.;

- білімді, ғылымды игерудің адамды өмірде өз орнын табуға жетелейтіндігі туралы М.Қашқари «Артық бұйым, адамзат, жауың болар түбінде, Білім, өнер бойдағы сауын болар түбінде» - деп ой түйіндейді.

М.Қашқари еңбегінде адамгершілік тәрбиесіне ерекше мән беріледі. Ол жөнінде «Қазақ тәлімдік ой-пікір Антологиясы» атты еңбекте былай делінген: «Сөздікте» әдеп, тәлім-тәрбие, моральдық-психологиялық сипаттағы ой-пікірлер әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни идеяларымен астарласып жатады. Мәселен, адамның кейбір жаман

қасиеттері (дүниеқорлық, қорқақтық, мансапқорлық, опасыздық, т.б.) айыпталып, ерлік, ізгілік, ақ ниеттілік секілді жақсы қасиеттері дәріптеледі. Тіршілік пен еңбек етуді сүйетін, білімге құштар, өз бақыты үшін күресетін адам – «Сөздік» мазмұнының негізгі арқауы» [65. Б.124].

М.Қашқари еңбегінде адамгершіліктің негізі болып табылатын ізгілік мәселесіне басты орын беріледі, адамдардың бір-бірімен ізгілікті қарым-қатынаста болуы адамгершіліктің белгісі екендігін, сондықтан адамдардың бір-біріне жақсылық жасауы, ізлікпен жауап беруі олардың бойында адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретіні ашып көрсетіледі. Жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие беруде адамның бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттердің ара-жігін көре білу аса маңызды. Бұл мәселе ғұлама еңбегінде мынадай тәлімдік-тәрбиелік ой-пікірлер арқылы шешімін табады:

«Түлкі өз ініне үрсе, қотыр (қор) болар»;

«Іскердің ерні – май, еріншектің басы - қан»;

«Тесігі (аузы) кішкене болса, үлкен тығын сал» (шағын істі жұрт алдында зор етіп көрсетуге құмар адамға айтылған);

«Сұм, айлакер ұрыдай жүзді бағар,

Мүсәпірді қуып, аспен басқа қағар»;

«Тау арқанмен иілмес, теңіз қайықпен бөгелмес»;

«Түзумен ұрыс, бұзықпен ұстаспа» және т.с.с.

Сонымен бірге М.Қашқари педагогикадағы адамдарға жақсылық жасау ұстанымын да негізгі мәселе ретінде көтереді:

«Сорлы қонақ мұқтаж болып келсе егер,

Сарылтпа оны, бар асыңды тездеп бер!» немесе

«Дауыстап үлкен шақырса, тезірек бар жүгіріп,

Құрғақшылық жылы жұртты көр, қайда түссе, сонда түс!» - деген сияқты терең тәрбиелік мәні зор ой-пікірлерді ғұламаның еңбегінен жиі кездестіруге болады.

Адамға жақсылық жасау адамгершіліктің белгісі екендігін, сондықтан адамдардың жамандық ісіне тек жақсылықпен жауап беру ғана адами тұлғалық сапаларды қалыптастыруға бағытталатынын ашып көрсетеді.

М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасында баланы тұлға етіп қалыптастыратын адамгершілік сапалардың бірі – қонақжайлылық. Түркі жұрты ежелден-ақ қонақты құт-берекеге балаған, әсіресе, қазақ халқы бұл дәстүрді күні бүгінге дейін сақтап келеді. Бабаларымыз қонақ күту рәсіміне ерекше мән беріп, ұрпағына ұлағат етіп ұсынған. Мұның дәлелін «Түрік сөздігінен» табуға болады:

Көркем тонды өзіңе,
Тәтті асыңды өзгеге (қалдыр),
Қонағыңды құрметте,
Даңқың жайсын еліңе!

Көркем, сәнді тоныңды өзің кисең ки, бірақ дәмді асыңды қонағыңа сақта, мейманыңа сый көрсетсең, ол сенің атақ-даңқыңды елге жаяды. Сондықтан сараңдық етудің қажеті жоқ деп бар мәзірді қонаққа қою дәстүрінің сонау Махмұт Қашқари заманынан, тіптен онан да әріден жалғастық тауып келе жатқандығын дәріптейді.

Орта ғасыр ойшылдары тікелей «сараң болма» деген үгіт-насихатты айтумен қатар мейман болған адамның жай-жапсарын жаса, жағдайын қыл, жақсылап күт дегенді қонақ жайлы өлеңдер негізінде жеткізеді. Қонақжай мінез адамшылыққа апарар даңғыл жолдардың бірінен саналады. Қонақты күте білу, біріншіден, сараңдықтан сақтайды. Екіншіден, мұндай мазмұнды қамтыған жырлар адамға деген сүйіспеншілікті оятады: қонаққа ашық қабақ көрсетіп,

көңілді тарылтпау, шын көңілмен мәзір ұсыну үшін ол адамға деген оң ниет қалыптасуы тиіс. Себебі, кез-келген адам құдайы қонақ болады, дүние кезек деген, әркезде өзің де оның орнында болуың мүмкін. Қонақтықты кіріптарлық деп ұғынбай, оған жасаған құрметті игілікті іс ретінде қабылдау бабалар дәуірінен қалған мирас. Қонаққа құрмет көзімен қарау - әрбір адамзат баласына деген сүйіспеншілік сезімнің қалыптасуы деп түсіну шарт. Үшіншіден, өлеңдер «қарға секілді басып жегенше, сұңқар секілді шашып жеуге» шақырады, жомарттыққа, мейірімділік пен қайырымдылық қасиеттерге жетелеп, қайырымды адам тәрбиелеудің салмақты жүгін артады [66. Б.17].

М. Қашқари ХІ ғасырда өмір сүрген түркілер атынан ұрпағына былай дейді: Кісі келсе, күл шашпа оған күйдірет, Ізгілікпен күліп қара елжіреп.

Мейманды мейірлене күтіп алуға үндеп, «қонақ десе қоң етін кесіп берер» ел екендігін дәлелдейтін, жан аямай қызмет етуге шақырып, соңғы үзім нанын қонағына сақтаған қауым екенін әспеттейтін өлеңдер көп-ақ.

М.Қашқари еңбегінің арқауы болып табылатын негізгі мәселе – эстетикалық тәрбие. Дүниенің сұлулығын сезінуге, қоршаған болмыстың көркемдігін түсінуге баулитын эстетикалық тәрбиенің құралдарын тиімді пайдалану оның нәтижелілігін қамтамасыз ететіні белгілі.

М.Қашқаридің еңбегіндегі эстетикалық тәрбие беру құралдарын былайша бөліп көрсетуге болады:

- түркілердің әсемдік заңымен өмір сүруге ұмтылыстарын жан-жақты бейнелейтін деректер;
- халықтың бейнелеу өнері, сәндік өнер және ағаш ою өнері туралы материалдар;
- халықтық музыка аспаптары туралы мәліметтер;
- музыка өнері;

- адамның сұлулығын оның мінез-құлқымен байланыстыратын, адамдар қарым-қатынастарындағы әдемілікті дәріптейтін үлгілер.

«Түрік сөздігі» жас ұрпаққа денсаулықтың кепілі денені шынықтыру екендігі туралы тың пікірлерге бай еңбек болып табылады. Еңбекте дене тәрбиесінің мазмұны денені сауықтыру, дұрыс тамақтану, дене сапаларын тәрбиелеу, денсаулықты нығайту жөніндегі ой-пікірлер арқылы беріледі. Мәселен, баланың бойында ерік сапаларын, төзімділікті, шыдамдылықты, батырлықты, дене күшін тәрбиелеу туралы еңбекте мынадай дерек бар: «Қадыр: қайсар; қаһарлы; кескек. Хакания хандарын «Қадырхан» дейтіні содан шыққан. Бұл сөз арабшаға ұқсас. Өйткені «қадыр» араб тілінде қайсарлықты, күш-құдыретті, қаһарды білдіреді. Қайсар, бетті адам барлық істі істей алатын, сертте тұратын күш-құдыретке ие» [б. Б. 421].

М.Қашқаридің «Түрік сөздігінде» көтерілген негізгі тәлім-тәрбиелік мәселенің бірі – еңбек тәрбиесі. Жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеудің басты мақсаты оларды еңбекке психологиялық және практикалық тұрғыдан даярлау арқылы еңбек етуге саналы көзқарастарын қалыптастыру, еңбек етуге үйрету, еңбек мәдениеті дағдыларын дарыту екендігі белгілі.

Өскелең ұрпақты еңбекке психологиялық дайындау – бұл қоғам үшін оқушылардың пайдалы еңбекке даярлығын және талаптануын тәрбиелеу, еңбекті өз бетімен, өз еркімен ынталанып орындауға үйрету. «Түрік сөздігінен» жастарды еңбекке тәрбиелеу үшін барлық жағдайларды жасау қажеттілігін көрсететін деректерді көптеп кездестіруге болады. Оларды былайша топтастыруға болады:

- «Балдыр тарығ» - ерте көктемде егілетін егін;
«Кепезлік – мақталық, мақта егетін жер»; «Ұрқұлқ –

тұқымдық. Ұрұқлұқ бұғдай: тұқымдық бидай. Тұқымға сақталған нәрселердің бәріне де солай айтылады» деген сияқты шаруашылыққа қатысты білімдер;

- «Құғұш – қуғыш. Оқ жасау үшін (оқ салу, тегістеу) қолданылатын ағаш сайман; түрпігү – ағаш жонатын құрал; Томрұм иыағаш – етікшінің іш қалыбы мен соған ұқсас туралап кесілген ағаш үлгі; Етүклүк (етіктік). Етүклүк сағры – етіктік құрым, етік тігілетін құрым», т.с.с. еңбекке тәрбиелеу құралы болып табылатын ұсталық, былғары және тері өңдеу, қару-жарак, еңбек құрал-жабдықтарын, үй бұйымдарын жасау, киім және аяқ киімдер тігу кәсіптері жайлы материалдар;

- еңбек тәрбиесіне байланысты мақалдар, нақыл сөздер, өсиет-өнеге түріндегі өлең шумақтары: «Ерік еріні иағлығ ермегү башы қанлығ – Іскердің ерні – май, еріншектің басы – қан. Іскердің ерні майлы болар, еріншектің басы қанды болар. Еңбекқор, іскер адам тырысып жұмыс істейді, жақсы тағам, семіз ет тауып жейді, аузы майланады, жалқау адам ерініп, еңбек етпейді, қапаланып, басын жарға соғып, қанатады. Бұл мақал жалқаулықтан без, қайраттанып, жаныңды салып жұмыс істе дегенді насихаттайды»; «Тұрбы – ізбасар, көмекші; Ұдзмақ- қолбала, үйренуші шәкірт; Ер ұдзмақланды: адам ұсталыққа үйретуге шәкірт алды; Оғлын ышқа тығратты – Ұлын іске шыңдады, демек, ұлын түрлі іске бейімдеп, үйретіп ширатты»; «Үйір топ-топ қой, түйе, жылқысымен, жиып алып, еркінше сүтін сауар (топ қой, түйесі, үйірлі жылқысы бар адам, оларды еркін жинап алып, сүтін сауады, пайдасын көрседі)», т.б.

Сонымен бірге «Түрік сөздігінде» жас ұрпақтың еңбекке жағымды қатынасын қалыптастыруға ықпал ететін халық тәжірибесі, дәстүрлі еңбек мерекелері, халықтың баланы еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде қолданған әдістері,

халық тәрбиешелері туралы да тәлімдік-тәрбиелік мәні зор материалдар жеткілікті.

М.Қашқари еңбегінде бүгінгі таңда көкейкесті мәселе болып отырған экологиялық тәрбиеге де орын беріледі. Ұлы ойшыл жастарға білім және ізгілікті тәлім-тәрбие беруді, оларды қоршаған әлеуметтік орта мен табиғат құбылыстарын танып-білуге баулуды баланың сана-сезімі ояна бастаған кезден бастау керектігін дәлелдеген. Табиғаттың сұлу көріністері негізінде жас ұрпақтың табиғатпен қарым-қатынасын орнату, білім беру, тәрбиелеу, дүниетанымын дамыту, соның негізінде адамгершілік қасиеттерін жетілдіру мәселесі еңбектің мазмұнына арқау болады. Мәселен, көктемгі көріністі бейнелеп жазған мына сияқты өлең шумақтары экологиялық тәрбие беруге мүмкіндік береді:

«Құлан түгел қозғалды,
Арқар, киік топталды,
Жайлау жаққа бұрылды,
Тізілісіп, секірісер» немесе
«Жаңбыр жауыр шашылды,
Түрлі шешек өсті, өнді;
Инжу қабы ашылды;
Шынында, жұпар шашқандай».

Сонымен бірге «Түрік сөздігінде» сипатталған қыс пен жаздың айтысына қатысты жыр шумақтары экологиялық тәрбиенің көрінісі болып табылады. Бұл туралы зерттеуші ғалым К.Ж.Ибраева былай дейді: «Өз дәуірінің дәстүріне сай Махмұт Қашқари табиғат пен адамды бірге қарастырады. Оның «Қыс пен жаз» айтысында адам мен табиғаттың қатынасы және жыл мезгілдерінің өзара байланысы көрініс тапқан. Ғұлама түрік қоғамдық өмірінің

негізгі бағытын, яғни адамның рухани-адамгершілік негізін көрсеткен» [67. Б.124].

«Түрік сөздігінің» мазмұнынан түркі елінің ерлік күрестерін баяндайтын, қаһармандық, батырлық дәстүрлерін дәріптейтін өлең жолдарын, даналық сөздерді және аңыздарды молынан кездестіруге болады. Олардың әрқайсысы Отанға, туған елге, атамекенге деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың құралы бола отырып, бүгінгі ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге мүмкіндік береді.

Отанды қорғау жолында батырлыққа, бірлікке шақыру еңбектегі ерлік мазмұнды жырларда патриоттық рух арқылы бейнеленген:

Қоршап алып иірейік,
Аттан түсіп жүгірейік,
Арыстандай күркірейік,
Күші оның кемісін.

Қаһармандар мен батырлардың ерлік істері Отанға деген шынайы сүйіспеншілік пен өзара бірліктің, татулықтың белгісі ретінде жырланып, жастарды жасампаздық жаңа патриотизммен нәрлендіреді:

Ерен ерлер шақырысты,
Қырын көзбен бағысты,
Бар қарумен қағысты,
Қылыш қынға күшпен сыйды.

М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының бір ерекшелігі халық батырларының ерлігін болашақ ұрпаққа өнеге ету арқылы олардың туған еліне деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу, елдік танымдарын кеңейтіп, ата-бабасы үшін мақтаныш сезімдерін ояту болып табылады. Осыған байланысты жырда Шу батырдың елін, жерін Зұлқарнайынның жойып жіберуінен аман алып

қалып, өзінің атымен аталып кеткен Шу қаласын салдырғаны туралы құнды дерек бар.

Ал мына халқы үшін ерлікпен қаза тапқан ерді жоқтаған өлең жолдары қалың ел жүрегінің қақ айрылып, батырын қимаған ащы үні естіліп тұрғандай әсер береді:

Алып Ер Тоңа өлді ме?

Опасыз дүние қалды ма?

Заман өшін алды ма?

Енді жүрек жыртылар!

(Афрасиаб (Алып Ер Тоңа) өлді ме?

Жалған дүние одан кейін қалды ма?

Тағдыр, замана одан өшін алды ма,

Енді сол үшін заманға күйініп,

Өкініп жүректер жыртылар!). Отан үшін қаза болған ерді халық осылай жоқтайды. Кейіпкердің халықпен байланысы, оның берік, бұзылмайтын дәнекер екендігі жайлы, мәселен, ғалым Н. Келімбетов былай дейді: «Халық батырының сом тұлғасын жасау барлық халықтар эпосына тән құбылыс. Сөздікте мысал ретінде келтірілген шағын өлең жолдары қазақтың көнеден келе жатқан дәстүрлі дастандары - батырлық жырларындағы сюжетті баяндау сарынын, батырларды таныстыру тәсілін, жекпе-жекке шығу мәнерін, қазалы үйге ат шаптырып келу дәстүрін, т.б. еріксіз еске түсіреді» [68. Б.151].

Ерлік жырларының педагогикалық маңызы сол, мұнда патриоттық идеялар өткеннің болашақпен байланысын бүгінгі арқылы қамтамасыз етумен, жеткіншекті халық пен Отан мүддесіне берілгендік рухында баулуды жүзеге асыруымен құнды. «Сөздіктегі» «Жауға шап», «Мыңлақ елін алғанбыз», «Ертіс суы желекті» шығармалары осындай идеялық жүктеме атқара алатындықтарымен назар аударарлық. «Жауға шап» жырының негізгі мәні жат жерлік

басқыншыларға қарсы жорық үшін бірігу болса, «Мыңлақ елін алғанбыз» нұсқасында батыр өзінің жасақтарын жауға қарсы күреске бастап барады және жұмыла, шеберлікпен бірін-бірі қолдап шайқасқандықтан жеңіске жетеді.

Патриоттардың тағдыры бір. Ол үшін Отан мен халық даңқы бәрінен жоғары. Елдің берекесі, рақаты батыр өмірінің мәні осы. Оның өмірі мен қызметі - бұл халықтың патриоттық өмірі, ұрпақты туған халқының ерлік дәстүрлеріне тәрбиелеуге үндеу [16.Б.57].

Адамзат баласын рухани тәрбиелей отырып, адамгершілік қасиеттерге жетелейтін күштің бірі - діни сенім. XI ғасыр ескерткіші саналатын «Түрік сөздігінде» діни сипаттың болуы әбден мүмкін еді. Сөздіктегі педагогикалық идеялардың негізін құрайтын өлеңдер мен мақал-мәтелдердің тақырыбы мен мазмұндық аясына мән бере отырып, исламдық іздің айқындығына көз жеткізуге болады. Имандылық тәрбие мәселесі - Махмұт Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының арқауы болған негізгі тақырып. Ғұлама оған арнайы тоқталып өтпейді, бірақ ғұламаның ой-пікірлері адамзатты имандылыққа тәрбиелей отырып, адалдықты, парасаттылық пен асқан білімдарлықты қалыптастыратын ислам діні қағидаларымен сабақтасып жатады. «Құран Кәрімде» «Мінез-құлықтың абзалдығы», «Жомарттық», «Жақсылық - Жамандық», «Жақсылық істеудің қиыншылығы», «Жаман ойға ілеспеу» сынды арнайы бөлімдердің қарастырылуы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда ислам әсерінің молдығын байқатады.

Әрбір адамның қадір-қасиеті мен оның өмірдегі орны ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшеніп, рухы да осы тазалық негізінде биіктей беретіндігі белгілі. Адамның өн бойындағы ізгілікті, адамгершілік қасиеттерді әрдайым

жетілдіріп, ұдайы дамытып отыруы көп жағдайда оның имандылығына, құдайға деген сеніміне байланысты болып келеді. Ал имандылық дегеніміздің өзі - Алланың барлығына, бірлігіне сенумен қатар, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны жетілдіре түсуге итермелейтін киелі күш. Адам бойындағы имандылықтың ең басты көрінісі - мейірімді, кешірімді болу, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылатындығы М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасындағы имандылық тәрбиенің негізін құрайтын басты тәлімдік тағылымдар болып табылады.

Тәрбие мазмұнының маңызды элементі болып табылатын адамның өзін-өзі анықтау мәдениеті адамды өз өмірі мен өз бақытының иесі (субъектісі) ретінде сипаттайды. Осыған байланысты М.Қашқаридің :

«Білімді іздедім,
Дананы таңдадым;
Өзімді айырдым,

Ақ жал атым жазылды...» - деген ұлағатты сөздері өмірде өз орнынды табу үшін білімге ұмтылу керектігін көрсетеді. Қандай да болмасын іске кіріспес бұрын ең алдымен терең ойланып, білімді адамдармен ақылдасып, кеңесіп, шешім қабылдау нақты нәтижеге жеткізетінін, асығыс жасалған істің ұзаққа созылмайтынын ғұлама былайша тұжырымдайды:

Кіріспе іске, әбдіреп, асықпай тұрып көріп ал,
Әбдіреп шақпақ шаққанда, шырақ та құлап сөнер ол.

Адамдардың арасындағы өзара педагогикалық қатынастың болуы олардың әрқайсынының дұрыс тіл табысуын қамтамасыз ететіні де ұлы ойшыл назарынан тыс қалмаған. Қарым-қатынас – адамның рухани, қоғамдық және тұлғалық жағынан көрінуінің маңызды ортасы,

адамдармен өзара түсіністікке қол жеткізу құралы екендігі М.Қашқаридің ой-пікірлерінен айқын көрініп тұрады. «Тау арқанмен иілмес, теңіз қайықпен бөгелмес» дей отырып, білімді адам білімсізге иілмейтінін көрсетсе, «Түзумен ұрыс, бұзықпен ұстаспа» деген ойы айтыссаң адал, білімді адаммен айтыс, ол сөздің мәнін түсініп, қорытынды шығарады, ұятсыз, арсыз адаммен таласып-тартыспа, ол өзінді шерменде етеді дегенді түсіндіреді. Ал «Жемтік көрсе, құзғын биік көктен төмен атылар, білікті адам үгіт беріп, тез ұғар» деген ұлағатты ойлары нашар адам байлық, пайда үшін өзінің атақ-абыройын аяқ асты қылуға да дайын екендігін, ал білімді адам пайда, байлық үшін емес, ізгілік үшін адал еңбек ететінін көрсетеді.

М.Қашқаридің педагогикалық идеяларының құндылығы жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне бағыт беруі болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеу - адамның өз мінез-құлқына өзі баға бере алуы, жеке басын жетілдіру бағытында жақсы қасиеттерді қабылдауы мен жағымсыз қылықтарды жоюға бағытталған саналы және мақсатты іс-әрекеті. Бұл жерде адам өзін-өзі тәрбиелеуші субъект, өз бақытын өзі жасаушы ретінде көрінеді.

Тәрбие мен тіл қоғамдық құбылыс ретінде қоғам өмірінде маңызды роль атқарады. Екі құбылыс та тарихи процесс пен қоғамның өмір сүруін қамтамасыз ететін мәңгілік категориялар болып табылады. Тәрбие мен тіл өскелең ұрпақты өмірге дайындауды жүзеге асыруды көздейді.

Тәрбие өзінің атқаратын қызметіне сәйкес ұрпақтар сабақтастығын, қоғамдық тәжірибені ауыстыруды қамтамасыз етеді. Ал тіл - қоғамдық тәжірибені, ақпаратты бір ұрпақтан екіншісіне жеткізу құралы. Тілдің атқаратын

нақты педагогикалық және әдістемелік қызметтері мыналар болып табылады:

тіл - педагогикалық қатынас құралы;

тіл- таным мен даму құралы;


тіл- педагогикалық ойды жеткізу, ұйымдастыру, ықпал ету құралы;

тіл- адамды оқып- үйрету құралы.

М.Қашқаридің ұлы еңбегінде «Әдеп басы - тіл», «Білімді болғың келсе, дананың айтқанын тыңда», «Айтылған сөз – атылған оқ», «Көп сөзді ұғуға болмас, биік шоқыны июге болмас», «Кеңесті білім оңалар, кеңессіз білім бұзылар» деп келетін қазіргі тілімізде де жеке тұлғаны тәрбиелеу құралы ретінде қолданылып жүрген тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер жиі кездеседі. Мұның өзі М.Қашқаридің тілдің тәрбие берудегі жетекші ролін анықтағанын көрсетеді.

Тәрбиенің қоғамдық мәні идеясы М.Қашқаридың халықтық принципінде айқын көрінеді, бұл оның педагогикалық тұжырымдамасының негізгі тетігі болып табылады. Педагогикадағы халықтық принциптің мәнін ғұлама халықтың тарихын, ана тілін және географиялық жағдайын тәрбиенің бағыттылығын анықтайтын негізгі факторлар етіп алуымен ашып көрсетеді. Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамасының негізгі мәні де сол, яғни тәрбие әр халықтың өзіне тән тарихи дамуына, табиғи және географиялық жағдайларына, әдет-ғұрып өзгешіліктеріне, рухани тұрмысына, өмір салтына сай болу керек. Халықтық тәрбие ана тілінде көрінеді, себебі халық тілімен тарих, өнер, әдебиет, мәдениет, ғылым пайда болады. Халық ана тілі арқылы өз жерінің байлығын, табиғатын суреттейді, ерлік, қаһармандық істері мен бай дәстүрлерін, өмірлік тәжірибесін ұрпақтарына мирас етеді.

Тіл тарихшы да, тарихытың куәсі де, ұрпақты ұрпақпен жалғаушы, сабақтастырушы, әрі теңдесі жоқ тәрбие құралы. М.Қашқари бойынша тәрбиенің халықтық принципін тұжырымдалуын былай көрсетуге болады (Сурет 2):



Сурет 2 - М.Қашқари бойынша тәрбиенің халықтық принципін тұжырымдалуы

Халықтық принципті іске асыру мақсатымен М.Қашқари «Түрік сөздігінде» халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәрбие тәжірибесін айқындайтын халықтық педагогиканың мол мұрасын пайдаланады. Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамасының халықтық педагогикамен сабақтастығын адамгершілік, ақыл-ой, еңбексүйгіштік, әдептілік, ұғымдарының мәнін ашатын мақал-мәтелдер көріністерімен ұсынамыз (Кесте 2).

Кесте 2 - М.Қашқари педагогикалық тұжырымдамасының халықтық педагогикамен сабақтастығы

«Түрік сөздігінде»	Халық педагогикасында	Тәрбиенің бағыттары
Еріншекке есік асу болар, бұлт жүк болар	Еріншекке от басы айшылық жер	Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу
Құрғақ қасық ауызға жарамас, құр сөз құлаққа жақпас	Құр судан май шықпайды, құр сөзден мән шықпайды	Бос сөйлеуден аулақ болып, сөзді кадрлеуге үйрету
Іскердің ерні – май, еріншектің басы-қан	Ерінбей еңбек етсең – ерінің асқа тиеді, ерініп ілбіп кетсең – иегің тасқа тиеді	Адал еңбек етуге баулу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу
Кісі аласы ішінде, мал аласы сыртында	Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында.	Адамгершілікке тәрбиелеу
Әдеп басы - тіл	Әдеп алды -тіл	Әдептілікке баулу
Сараң кісінің аты шықпас.	Сараң да бір, сасық су да бір.	Жомарттыққа тәрбиелеу
Бес бармақ түзу емес.	Бес саусақ бірдей емес.	Адамшылыққа тәрбиелеу
Кеңескен білік озар, кеңессіз білік тозар	Кеңесіп пішкен тон келте болмас.	Ақыл-ой тәрбиесі
Сынамаса алданар, сақтанбаса алдырар	Жеті рет өлшеп, бір рет кес	Ұқыптылыққа тәрбиелеу
Қарға қазға еліктесе, аяғы сынар	Әлің білмеген әлек	Өнегелік тәрбиесі

Кестеде тарихи-салыстырмалы, логикалық талдау әдістеріне сүйене отырып, халық педагогикасы мен «Түрік сөздігіндегі» тәрбие бағыттарының мазмұны мен мәні мақал-мәтелдер арқылы ашып көрсетіледі. Еңбектегі халық тәлім-тәрбиесімен салыстыра келтірілген мақал-мәтелдер мен олардың тәрбиелік бағыттары, біріншіден, халықтың дүниетанымын, ой тереңдігін, өмірлік тәжірибесін; екіншіден, әдет-ғұрып және дәстүр ерекшеліктерін; үшіншіден, ұрпақ тәрбиелеудегі халықтың жетекші ролін көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Тәрбие мазмұнына анықтама беріңіз.
2. М.Қашқари еңбегіндегі тәрбие мазмұнына сипаттама беріңіз.
3. М.Қашқари еңбегінде ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны қалай ашып көрсетілген?
4. М.Қашқари еңбегінде адамгершілік тәрбиесінің мазмұны қалай ашып көрсетілген?
5. М.Қашқари еңбегінде экологиялық тәрбиенің мазмұны қалай ашып көрсетілген?
6. М.Қашқари еңбегінде эстетикалық тәрбиенің мазмұны қалай ашып көрсетілген?
7. М.Қашқари еңбегінде дене тәрбиесінің мазмұны қалай ашып көрсетілген?
8. М.Қашқари еңбегінде еңбек тәрбиесінің мазмұны қалай ашып көрсетілген?
9. М.Қашқари еңбегінде патриоттық тәрбиенің мазмұны қалай ашып көрсетілген?
10. М.Қашқари еңбегінде имандылық тәрбиесінің мазмұны қалай ашып көрсетілген?

Тапсырмалар:

1. «М.Қашқари еңбегіндегі адамгершілік мәселесі» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. М.Қашқаридің тәрбиенің қоғамдық мәні туралы ой-пікірлеріне талдау жасаңыз.
3. М.Қашқари бойынша тәрбиенің халықтық принципінің тұжырымдалуын негіздеңіз.
4. М.Қашқари педагогикалық тұжырымдамасының халықтық педагогикамен сабақтастығы туралы ой-пікірлерінен ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.
3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.3. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.
4. Махмуд ал-Кашғари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.

5. Қалиева К.М. Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары: пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. – 132 б.
6. Исхакова Н. М.Қашғари сөздігіндегі тура толықтауышты меңгеру //Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары, қоғамтану сериясы. – 1972. - март-апрель. Б.69-72.
7. Кайдаров А.Т. Уникальный лексикографический труд // Вестник АН Каз ССР, Вып.2. – 1960. - С.109-111.
8. Оразбеков А.У. Этическая мысль в Казахстане (с раннего средневековья до конца XIX в.). - Алма-Ата, 1982. - С. 24-36.
9. Аманжолов К. Түркілер туралы не білеміз?//Қазақстан тарихы.- №2. -1993. - Б.5-10.
10. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары): филол. ғыл. докт. дис. - Алматы, 2000. - 288 б.
11. Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі: филол. ғыл. докт. дис. - Алматы, 1999. - 282 б.
12. Құрышжанов А. Түркі тілдері бойынша алғашқы зерттеу жұмысы туралы (Махмұд Қашғари еңбегінің 900 жылдығына). Жинақта: Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969. - 276 с.
13. Суюншалиев Х. Становление и развитие казахской литературы с раннего периода до конца XIX в. - автореф. дис. докт. - Алма-Ата, 1969. - 48 с.
14. Томанов М. Махмұд Қашқари // Кітапта: Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғ.). - Алматы, 1964. Б.153-166.
15. Өміралиев Қ. YIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. - Алматы, 1985. Б.45-96.

Тақырып 6. М.Қашқари дидактикасы

М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының негізін дидактика мәселелері құрайды. Ғұлама арнайы «дидактика» терминін қолданып, оны педагогика ғылымының саласы – оқыту теориясы ретінде анықтамағанымен, оның еңбегінің өн бойынан дидактикалық мазмұн айқын көрініп тұрады. Дидактиканың қазіргі кезде арнайы ғылым саласы ретінде анықталып, оның заңдылықтары мен негізгі зерттеу мәселелері айқындалып отырған бүгінгі таңда М.Қашқаридің еңбегіндегі дидактиканың көрініс беруін аңғару қиын емес. М.Қашқари дидактикасын екі деңгейде қарастыруға болады: жалпы дидактика және дербес дидактика. Жалпы дидактика тұрғысынан алып қарасақ, біріншіден, ғұлама білім беру, оқыту, үйрету, пайымдау сияқты дидактиканың негізгі ұғымдарына анықтама берген, екіншіден, білім беру мазмұнын, оқытудың принциптерін, әдістері және құралдарын айқындаған. Білім беруді ғұлама адамзаттың жинақтаған тәжірибесін, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі деп біліп, соған сәйкес барлық материалдарды өз еңбегіне арқау етеді. Оқытудың мұғалімнің басшылығымен іске асырылатын іс-әрекет, соның нәтижесінде адамның жан-жақты дамуы, білім, білік, дағдыны игеруі көзделетінін анықтайды. Мұның дәлелі ғұлама оқыту, білім, беруге мынадай түсініктемелер береді: «Ол менімен бірге кітап оқысты», «Кітап оқылды», «Ол маған кітап оқытты», «Ол білім үйренді», «Ол маған білім үйретті; демек, білім-білік үйретті»; «Ол бір нәрсені пайымдады, яғни жақсы-жаманды айырып аңғарды», «Кеңескен білік озар, кеңессіз білік тозар». Сонымен бірге

мынадай өлең жолдарын келтіре отырып, өзінің ойын нақтылай түседі:

Ерендер озған еді (өткен еді),
Таудай білікті, өнерлі бектер еді;
(Олар) көп насихат - өсиет айтты,
Көңілім содан сара болады.
Өсиет алғын білге ерен сөздерінен,
Ізгі сөз қастерлесе ділге сіңер!
Иемді мақтармын,
Білікті топтармын;
Көңілді түптермін,
Үстіне өнер үйілер.

М.Қашқари еңбегінде ғылымның әр саласынан білім беру көзделген, егер білім берудің басты қызметі алдыңғы ұрпақ өкілдерінің жинақтаған тәжірибесін жеткізу болса, ғұлама ең алдымен, білім берудің осы қызметін іске асыруды мақсат етіп қойған. «Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған Диуану лұғат-ит-түрк» деген ат бердім» [б.б.31] дей отырып, өз оқырманына түркі өркениетінің тарихы, тілі, әдебиеті, географиясы, қоғамы және өмір салты туралы білім беруді көздейді.

Ғұламаның еңбегінде оқытудың ғылымилық, түсініктілік, жүйелілік пен бірізділік, беріктік, көрнекілік, өмір мен тәжірибенің байланысы, оқытудың тәрбиелік сипаты принциптері негізделген. М.Қашқари әрбір принципке нақтылы анықтама беріп, оның педагогикалық мәнін ашып көрсетпегенімен, оларды өз еңбегінде басшылыққа ала отырып, практикалық тұрғыдан айқындап береді. Оның өз еңбегінде табиғат, қоғам, мәдениет және ойлау дамуының заңдылықтарын басшылыққа алуы

оқытудың ғылымилық принципін айқындап, оқырмандарының таным қабілетінің дамуына, дүниеге көзқарасының және жоғары адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Ғұлама кітаптың кіріспесінде «Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, *құпияларын* анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, *берік* сақталып қалды. Мен оларды *мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым*....Әрбір бөлімді атаулар (есімдер) мен етістіктер секілді екіге ажыраттым. Алдымен атауларды (есім сөздерді), содан кейін етістіктерді келтірдім де, әрқайсысын өз орнына қарай бөлімдерге бөлдім. Алдына келетіндерді – алдына, кейін келетіндерді кейін қойдым. *Түсінікті, айқын болу* үшін кітаптар мен бөлімдерде арабша атауларды (терминдерді) қолдандым... Әйтсе де, мен сөздерді анық табуды және кісілердің қызығып пайдалануын есте ұстағандықтан, ықшамдастырдым да, *қолданылып жүрген сөздерді алдым*, қолданудан шыққандарды тастадым. Менің ұстанған бұл жолым тура, дұрыс жол» [б.Б.31-32]. Ғұламаның көрнекілік принципін алғаш рет ғылыми тұрғыдан тұжырымдағанын оның дөңгелек картасы дәлелдейді. Осы картаға ғұлама ежелгі түрік өркениетінің басты шаһарларын, елді мекендерін, жер бедерін түсіре отырып, Рим жерінен Тынық мұхитқа дейінгі аралықтағы түрік тайпаларына сипаттама береді, олардың мекендеген жерлерін көрсетіп, көлемін анықтайды, тілдік ерекшеліктеріне тоқталады. Түрік дүниесі туралы толық сипаттама мен талдау жасалынған ғұламаның өлмес мұрасы

– түріктің әлемдік картасы көрнекі құралдың ғажайып үлгісі болып табылады.

М.Қашқари оқытудың тәрбиелік ролін өте жоғары бағалайды. Ол оқыту мен тәрбиелеу ұғымдарын өзара бірлікте қарастырады. Оқытуды тәрбиенің қуатты құралы ретінде анықтай отырып, әрбір ұғымды оқыту барысында міндетті түрде тәрбиелік мәні зор нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді және өлең жолдарын мысалға келтіреді, сол арқылы ғылымның адамзаттың қоғамдық тәжірибесі ретінде жеке тұлғаның дамуына тәрбиелік тұрғыдан әсер ету үшін жағдай тудырып отырады. Сонымен бірге ғұлама оқыта отырып тәрбиелеудің дамытушылық сипатына да көңіл бөледі. Ғұламаның еңбегіндегі әрбір тұжырым тұлғаның ойлауын, сөйлеуін, есте сақтау қабілетін, қиялын дамытуға бағыттталып, адамды қоғамдық өмірге, еңбек етуге даярлау қызметін атқарады.

Дербес дидактика тұрғысынан алып қарасак, М.Қашқари еңбегінде тілдерді оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негізі жасалынған. Бұл еңбек түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі, алғашқы тілдік филологиялық зерттеу болып табылады, онда түркі елдерінің тілдері тұңғыш рет ғылыми жүйеге түседі. Жеке сөздердің маңызы мен этимологиясы түсіндіріледі. Келтіріліп отырған сөздердің қай ұлыстың тіліне тән, қай тіл жүйесіне жатуға тиіс екені көрсетіледі. Түрік тілдерінде қолданылатын әріптер, олардың жазылуы, сөздердің өз түзілімі бойынша ілгері-кейін келу тәртібі, әріптердің ілгері-кейін қойылу тәртібі, тілдегі және сөйлегендегі өзгешеліктер туралы толық түсініктеме беріледі. Ғұлама тілді оқыту әдістемесінің ғылыми негізін жасай отырып, мынадай мәселелердің шешімін табуды көздейді:

- әрбір сөздің жасалуын, жазылуын және айтылуын көрсету;
- сөздердің мағынасына түсініктеме беру;
- сөздердің өмірдегі қолданысын ашып көрсету;
- тілдің ақиқатты танытудың құралы ретіндегі мәнін ашып көрсету;
- тілдің тәрбиелік мәнін аша отырып, оны өмірді түсіну және өмірді оқып-үйрену құралы ретіндегі ролін айқындау.

М.Қашқари тілтану саласында орасан зор еңбек жаза отырып, тіл болмаса адам өмірінің болуы, адамзат қоғамының тіршілік етуі және ғылыми білім саласының дамуы мүмкін еместігін түсінеді, сондықтан өзінен кейінгі ұрпаққа тілді үйренуді уағыздайды. Тілді үйрене отырып, әрбір адам тек шартты белгілер мен дыбыстарды ғана үйреніп қоймайтынын, ең бастысы халықтың рухани дүниесін игеретінін, мәдениетін, тарихын, әдебиетін, қоғамдық тәжірибесін меңгеретінін басты қағида ретінде ұстанады. Ғұлама түрік тілін меңгерту арқылы әр адамға тек жекеленген сөздер, олардың жасалуы мен түр өзгерістері туралы білім беріп қана қоймай, шексіз көп ұғымдар, терең ойлар, сезімдер, көркемдік бейнелер, тілдің логикасы мен философиясы туралы түсінік қалыптастыруды көздейді. Әр халықтың тілі сол халықтың ой-сезім әлеміне, өміріне апаратын жол, сондықтан тілді үйрену үшін материалдарды тиянақты қарастырып алудың маңызыдылығын көрсетеді: «Мен бұл кітапты хикмат сөздер, сезілер (ұйқасты, үйлесімді сөздер), мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, режес (қаһармандық, батырлық жырлардан үзінді деген мағынада) және несір (қара сөз) секілді әдеби сөздермен безендіріп, мақсұс әліппесі ретімен түзіп шықтым» [6.Б.31]. М.Қашқари еңбегінің қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруде пайдаланудың құндылығы өте зор. Оны тіл ғылымдарының

маманы А.Егеубайдың мына ойлары дәлелдейді: «Түрік сөздігі» қазіргі қазақ тілінің де ерекшеліктерін, мол шығармашылық мүмкіндіктерін, көркемдік мағыналық мәнін тереңдеп біле түсуге жол ашатын құнды еңбек. Түрік тілінің мәуелі бұтағы қазақ тілі қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде дамудың өзгеше белесіне қанат жайды. Тіл білімінің теориялық, тәжірибелік маңызы артты. Нақ осындай қайта жаңғыру, қайта өрлеу белесінде ғұлама ғалым Махмұт Қашқаридің өлмес мұрасы атамекеніміздегі рухани түлеулердің заңды тұғыры, кемелдікке бастайтын алтын бесігі санатты. «Түрік сөздігі» ұлттық мәдениетіміздің, тіліміздің мәртебесін көтеріп, беделін бекітетін өркенді кітап» [б.Б.22-23].

М.Қашқаридің кемеңгерлігінің өзі оның түрік тілін зерттеуінде болып отыр. Ғұлама тұңғыш түрік тілінің оқулығын жасай отырып, тек тіл ғылымының қалыптасуы мен дамуына ғана емес, тілді жеке тұлғаны тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланып, педагогика ғылымының да негізін салуға өзіндік үлес қосты.

Бақылау сұрақтары:

1. М.Қашқари еңбегінде дидактиканың қандай ұғымдары қарастырылады?
2. М.Қашқаридің оқыту туралы ой-пікірлерін анықтаңыз.
3. М.Қашқаридің «білім» ұғымына берген анықтамасы қандай?
4. М.Қашқаридің еңбегінде қандай оқыту принциптері тұжырымдалған?
5. М.Қашқаридің еңбегінің қайнар көздерін атаңыз.

6. М.Қашқаридің еңбегінде білім беру мазмұны мәселесі қалай ашып көрсетілген?
7. М.Қашқаридің педагогикалық мұрасында оқыту әдістеріне қандай орын берілген?
8. М.Қашқаридің еңбегінде тілдерді оқыту әдістемесі қалай негізделген?

Тапсырмалар:

1. «М.Қашқари еңбегіндегі дидактика мәселелері» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. М.Қашқаридің дидактиканың негізгі ұғымдарына қатысты ой-пікірлеріне талдау жасаңыз.
3. М.Қашқаридің еңбегіндегі дидактикалық принциптер мәселесі бойынша ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.
3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.3. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.

4. Махмуд ал-Кашғари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
5. Қалиева К.М. Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары: пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. – 132 б.
6. Исхакова Н. М.Қашғари сөздігіндегі тура толықтауышты меңгеру //Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары, қоғамтану сериясы. – 1972. - март-апрель. Б.69-72.
7. Кайдаров А.Т. Уникальный лексикографический труд // Вестник АН Каз ССР, Вып.2. – 1960. - С.109-111.
8. Оразбеков А.У. Этическая мысль в Казахстане (с раннего средневековья до конца XIX в.). - Алма-Ата, 1982. - С. 24-36.
9. Аманжолов К. Түркілер туралы не білеміз?//Қазақстан тарихы.- №2. -1993. - Б.5-10.
10. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары): филол. ғыл. докт. дис. - Алматы, 2000. - 288 б.
11. Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі: филол. ғыл. докт. дис. - Алматы, 1999. - 282 б.
12. Құрышжанов А. Түркі тілдері бойынша алғашқы зерттеу жұмысы туралы (Махмұд Қашғари еңбегінің 900 жылдығына). Жинақта: Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969. - 276 с.
16. Суюншалиев Х. Становление и развитие казахской литературы с раннего периода до конца XIX в. - автореф. дис. докт. - Алма-Ата, 1969. - 48 с.

17. Томанов М. Махмұд Қашқари // Кітапта: Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғ.). - Алматы, 1964. Б.153-166.
18. Өміралиев Қ. ҮІІІ-ХІІ ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. - Алматы, 1985. Б.45-96.

**Кемеңгер ұстаз, данышпан ғалым Махмұт
Қашқари туралы не білесіз?**

Тест сұрақтары

1. Кемеңгер ұстаз, ойшыл, данышпан ғалым Махмұт Қашқаридің туған жерін атаңыз
 - A) Түркістан
 - B) Қашқар
 - C) Барсхан
 - D) Дамаск
 - E) Ақмешіт
2. Махмұт Қашқаридің шамамен туған жылы
 - A) 1020-1021 жж.
 - B) 872-956 жж.
 - C) 1029-1030 жж.
 - D) 1040-1041 жж.
 - E) 870-952 жж.
3. «Түрік сөздігі» еңбегін қай жылдары жазған
 - A) хижра бойынша 460-466 жж.
 - B) хижра бойынша 462-466 жж.
 - C) хижра бойынша 464-466 жж.
 - D) хижра бойынша 464-468 жж.
 - E) хижра бойынша 460-46 жж.
4. «Түрік сөздігі» еңбегінің бірінші басылымы қай жылы басылып шығарылды?
 - A) 1915-1917 жж.
 - B) 1939-191 жж.
 - C) 1960-1963 жж.
 - D) 1981-1984 жж.
 - E) 1982-1985 жж.

5. «Түрік сөздігі» еңбегінің екінші басылымы қай жылы басылып шығарылды?
- A) 1915-1917 жж.
 - B) 1939-1941 жж.
 - C) 1960-1963 жж.
 - D) 1981-1984 жж.
 - E) 1982-1985 жж.
6. «Түрік сөздігі» еңбегінің үшінші басылымы қай жылы басылып шығарылды?
- A) 1915-1917 жж.
 - B) 1939-1941 жж.
 - C) 1960-1963 жж.
 - D) 1981-1984 жж.
 - E) 1982-1985 жж.
7. «Түрік сөздігі» еңбегінің төртінші басылымы қай жылы басылып шығарылды?
- A) 1915-1917 жж.
 - B) 1939-1941 жж.
 - C) 1960-1963 жж.
 - D) 1981-1984 жж.
 - E) 1982-1985 жж.
8. «Түрік сөздігі» еңбегінің бесінші басылымы қай жылы басылып шығарылды?
- A) 1915-1917 жж.
 - B) 1939-191 жж.
 - C) 1960-1963 жж.
 - D) 1981-1984 жж.
 - E) 1982-1985 жж.
9. «Түрік сөздігі» еңбегінің қазақша басылымы қай жылы басылып шығарылды?
- A) 1997-1998 жж.
 - B) 2005 ж.

- C) 1960-1963 жж.
 - D) 1981-1984 жж.
 - E) 1982-1985 жж.
10. «Түрік сөздігі» еңбегінің орысша басылымы қай жылы басылып шығарылды?
- A) 1997-1998 жж..
 - B) 2005 ж.
 - C) 1960-1963 жж.
 - D) 1981-1984 жж.
 - E) 1982-1985 жж.
11. «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінің бүгінгі күнге жалғыз қолжазбасы сақталған қала
- A) Түркістан қаласы
 - B) Тараз қаласы
 - C) Отырар қаласы
 - D) Стамбул қаласы
 - E) Ақмешіт қаласы
12. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» энциклопедиялық еңбегін тұңғыш рет қазақша аударған белгілі түркітанушы ғалым
- A) А.Егеубаев
 - B) А.Көбесов
 - C) Қ.Жарықбаев
 - D) С.Қалиев
 - E) А.Ж.әл-Машани
13. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» энциклопедиялық еңбегін тұңғыш рет орысшаға аударған белгілі түркітанушы ғалым
- A) А.Егеубаев
 - B) А.Көбесов
 - C) Қ.Жарықбаев
 - D) С.Қалиев

- Е) З.-А.М.Әуезова
14. «Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары» бойынша кандидаттық диссертациялық зерттеу жүргізген ғалым
- А) Т.Ә.Ахметов
 - В) А.Н.Көшербаева
 - С) Қ.Жарықбаев
 - Д) С.Қалиев
 - Е) К.М. Қалиева \
15. Махмұт Қашқаридің тұжырымдамасындағы тәрбие мақсатын белгілеңіз
- А) Қоғамға керекті тұлғаны қалыптастыру
 - В) Жас ұрпақты отанын қадірлеуге тәрбиелеу
 - С) Оқыту үрдісінде тәрбие құралдарын пайдалану
 - Д) Текті, парасатты, ізгі, әділ адамды тәрбиелеу
 - Е) Ұлылыққа ұмтылған», «білімділікті іздеген», «даналықты таңдаған», «біліктіге серік болған», «бабалардың әдеп-ақлақты насихатын ұстанған» тұлғаны тәрбиелеу
16. М.Қашқари тұжырымдаған негізгі принциптер
- А) Халықтық, табиғатқа сәйкестілік, тұлғалық
 - В) Түсініктілік
 - С) Жүйелілік
 - Д) Көрнекілік
 - Е) Ғылымилық
17. «Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінде кімнің бейнесі сипатталады?
- А) Күнтуды Елік патша
 - В) Айтолды
 - С) Өгдүлміш
 - Д) Одғұрмыш
 - Е) Түркі баласы

18. М.Қашқари қай тілді зерттеді?

- A) қазақ
- B) орыс
- C) славян
- D) түркі
- E) неміс

19. М.Қашқаридің мына ой-пікірлері адамның бойындағы қандай қасиетті дәріптеуге бағытталған?

Көркем тонды өзіңе,
Тәтті асыңды өзгеге (қалдыр),
Қонағыңды құрметте,
Даңқың жайсын еліңе!

- A) қайырымдылық
- B) достық
- C) жолдастық
- D) кісілік
- E) қонақжайлылық

20. М.Қашқаридің мына ой-пікірлері қандай тәрбие беруді көздейді:

«Ұлым, ақылымды алғын, біліксіздікті кетір,
Кімнің талқаны болса, соған сірне қатар

- A) адамгершілік
- B) құқықтық
- C) эстетикалық
- D) патриоттық
- E) ақыл-ой

Дұрыс жауаптарының кілті

Сұрақтың нөмірі	Дұрыс жауабы
1	C
2	C
3	C
4	A
5	B
6	C
7	D
8	E
9	A
10	B
11	D
12	A
13	E
14	E
15	E
16	A
17	E
18	D
19	E
20	E

Реферат тақырыптары

Әдістемелік нұсқаулар:

Реферат тақырыбын өзіңіздің қызығушылығыңыз мен ерік-күшіңізге сәйкес таңдап алыңыз. Педагогика тарихы, оның ішінде М.Қашқари педагогикасы бойынша жазылған рефераттар ғылыми басылымдар мен еңбектерді тек баяндау ғана емес, оларды сын тұрғысынан талдауды да қажет етеді. Қажетті әдебиеттерді іріктеп алыңыз (оқу құралында берілген әдебиеттерді пайдалануға болады). Жоспар құрыңыз. Ол үшін қандай басты мәселелерге көңіл аудару қажеттігін анықтап алыңыз (ереже бойынша жоспар 2-3 негізгі мәселелерді қамту керек). Реферат *кіріспеден* (онда таңдап алынған тақырыптың көкейкестілігі негізделеді), *негізгі бөлімнен* (тақырыптың басты мазмұны ашып көрсетіледі), *қорытындыдан* (тұжырымдар жасалады), реферат жазу барысында пайдаланылған *әдебиеттер тізімінен* тұрады.

- 1 М.Қашқаридің педагогикалық ой-пікірлері қалыптасуының тарихи-мәдени негіздері
- 2 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» XX ғасырдағы зерттеу пәні ретінде
- 3 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінің жазылу кезеңі
- 4 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінің тәрбиелік маңызы мен мәні
- 5 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінің дүниетанымдық негізі
- 6 Махмұт Қашқаридің педагогика ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі
- 7 М.Қашқаридің тілді оқыту әдістемесіне қосқан

- үлесі
- 8 Махмұт Қашқари мұрасындағы жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері
 - 9 М.Қашқари педагогикасындағы тәрбиенің халықтық принципі
 - 10 М.Қашқаридің адамгершілік тәрбие туралы ой-пікірлерін іске асыру
 - 11 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі эстетикалық тәрбие
 - 12 М.Қашқаридің педагогикалық мұрасындағы еңбек тәрбиесі
 - 13 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны
 - 14 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі экологиялық тәрбиенің мазмұны
 - 15 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі имандылық тәрбие
 - 16 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі патриоттық тәрбие
 - 17 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі халықтық педагогика негіздері
 - 18 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі халықтық педагогиканың алатын орны мен ролі
 - 19 М.Қашқаридің «Түрік сөздігінің» педагогикалық мәні
 - 20 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінің педагогика ғылымын дамытудағы ролі
 - 21 М.Қашқари еңбегіндегі тәрбие беру мазмұны
 - 22 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі дидактикалық мәселелер
 - 23 Тұлғаның үйлесімді дамуында М.Қашқаридің тәлімдік ой-пікірлерінің маңызы

- 24 М.Қашқаридің педагогикалық ілімінің әлемдік педагогикамен үндестігі
- 25 М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегін оқып-үйренудің келешектегі мәселелері

Шығармашылық тапсырмалар

Әдістемелік нұсқаулар:

Ұсынылып отырған шығармашылық тапсырмалар студенттерге өздерінің жеке қабілеттерін көрсетуге, М.Қашқари педагогикасына қызығушылықтары мен қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың бұл түрін орындау үшін ең алдымен, тапсырманы таңдап алып, оның мақсатын анықтау және қажетті әдебиеттерді іріктеп алу керек.

Шығармашылық тапсырмалар толық дәйектемені қажет етеді және талқыланып отырған мәселеге сіздің өз көзқарасыңыз мен ой-пікіріңізді білдіруді көздейді.

1. XI ғасырдағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен оның М.Қашқаридің педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасуына ықпалын айқындаңыз.

2. Адамгершілігі жоғары тұлға қалыптастыру жөніндегі М.Қашқари идеяларының бүгінгі тәрбие мақсатымен үндестігін ашып көрсетіңіз.

3. М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі дидактикалық ұғымдардың графикалық бейнеленуін көрсетіңіз және оған мәтіндік түсініктеме беріңіз.

4. М.Қашқаридің еңбек және еңбек тәрбиесі жөніндегі тәлімдік ой-пікірлерінің жүйесін жасаңыз.

5. М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі мақал-мәтелдерді тәрбиелік мәніне қарай топтастырыңыз.


6. М.Қашқари педагогикасындағы тәрбие мазмұнының графикалық сұлбасын жасаңыз.

7. М.Қашқаридің педагогикасындағы дене тәрбиесі мазмұнын нақты ой-пікірлер арқылы ашып көрсетіңіз.

8. М.Қашқаридің тәлім-тәрбиелік идеяларын мектептің оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың тиімді жолдарын көрсетіңіз.

9. М.Қашқаридің педагогикалық ілімінің ұрпақ тәрбиесіндегі көкейкестілігі мен маңыздылығын ашып көрсетіңіз.

10. М.Қашқаридің педагогикалық ой-пікірлері арқылы оқушыларға адамгершілікке тәрбие берудің үлгісін мынадай түрде жасаңыз:



Қосымша материалдар

М.Қашқаридің ұлағатты сөздері

Бақпас халық сүйкімсіз,
Сұрықсыз жүз сараңға.
Түзулікті ал, ұлым,
Қалсын даңқың соңында.

Заман өтер, кісі тоймас,
Адам ұлы мәңгі қалмас.

Ұл, менен насихат ал, жәрдем тіле,
Елде ұлық, дана болып, білік үлес.

Ұлылықты тілеймін,
Мал-дүниеммен тіреймін.
Тілегіме жетемін,
Жылқым менің үптелер.

Білімді іздедім,
Дананы таңдадым.

Ұлым, саған қалдырамын мирасқа әдеп-ақлақ,
Біліктіге серік болғын, еліктеп бақ.

Қашан көрсең оны түрк,
Айтар оған ел мұны:
Соған тиер ұлылық,
Содан кейін үзілер!

Ұлықтық болса (тапсаң), сен ізгілік істе,
Кішік болғын, бектер қатарында жақсылықты
жалғастыр.

Ұлым, ақылымды алғын, біліксіздікті кетір,
Кімнің талқаны болса, соған сірне қатар.

Ақылды ерді ізгі тұтып, сөзін тыңда,
Істе қолдан, үйрен дағы өнерін.

Өнер-білім ізде, үйренуден өркөкірек болма, жиренбе,
Өнер-білімсіз білімденсе, сынақта қиналар.

Түлкі өз ініне үрсе, қотыр (қор) болар»;
«Іскердің ерні – май, еріншектің басы – қан.

Тесігі (аузы) кішкене болса, үлкен тығын сал.

Сұм, айлакер ұрыдай жүзді бағар,
Мүсәпірді қуып, аспен басқа қағар.

Тау арқанмен иілмес, теңіз қайықпен бөгелмес.

Түзумен ұрыс, бұзықпен ұстаспа.

Сорлы қонақ мұқтаж болып келсе егер,
Сарылтпа оны, бар асыңды тездеп бер!

Дауыстап үлкен шақырса, тезірек бар жүгіріп,
Құрғақшылық жылы жұртты көр, қайда түссе, сонда
түс!

Көркем тонды өзіңе,
Тәтті асыңды өзгеге (қалдыр),
Қонағыңды құрметте,
Даңқың жайсын еліңе!

Құлан түгел қозғалды,
Арқар, киік топталды,
Жайлау жаққа бұрылды,
Тізілісіп, секірісер.

Жаңбыр жауыр шашылды,
Түрлі шешек өсті, өнді;
Инжу қабы ашылды;
Шынында, жұпар шашқандай.

Қоршап алып иірейік,
Аттан түсіп жүгірейік,
Арыстандай күркірейік,
Күші оның кемісін.

Ерен ерлер шақырысты,
Қырын көзбен бағысты,
Бар қарумен қағысты,
Қылыш қынға күшпен сыйды.

Алып Ер Тоңа өлді ме?
Опасыз дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар!

Жаз бен қыстың айтысы²

Қыс пенен жаз тоғысты,
Көздерімен соғысты.
Өзара жау болысты.
Жеңбек болды бір-бірін.

Жаз бенен қыс жанасты,
Қаһарланып карасты.
Қарсы тұрып таласты,
Телмендесіп тұр бүгін.

Қыс:

«Ауруды емдедім,
Қуаттанар ерлерім.
Тұлпарларды жемдедім,
Күш беремін тәнге де.

Қармен бидай өнеді,
Төлдер қырға өреді
Қар далаға күш себер,
Жаз байлығын қыс берер.

Ауру-сырқау тынады,
Дұшпандарда бұғады.
Сен келіп ең - әлденіп,
Бәрі бірдей әрленіп.

² Бұл айтысты тікелей көне түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне көркем аударма жасаған ақын Фариза Оңғарсынова.

Шыға келер секіріп,
Жылан уы жетіліп,
Бүйі жүрер тайрандап,
Шыбын-шіркей жайрандап...

Жау да қыста тынады,
Жазда ғана құлағы
Ербеңдейді, тұрады».

Жаз тамағын кенеді:

«Қыстың аяз, мұзы бар,
Жер келбеті бұзылар,
Жайлы жазға қызығар,
Сорғанда аяз денені.

Кедей жүрер бүгіліп,
Қыстан жаны түңіліп,
Саусақтары тілініп,
Отпен ғана жан кірер.

Адам мені аңсайды.
Қар, ластан шаршайды,
Өткізеді қанша айды,
Әлін алып қарлы жел?

Бұлт төнеді сұстана,
Желі қандай⁷ Масқара!
Іздейді адам баспана.
Күн кешеді күрсініп.

Бәрін де қыс қусырып,

Жер жатады түншығып,
Тау тұрады күрсініп,
Қалтырайды гүл, шыбық.

Төбелерді қар басар,
Көкте бұлттар арбасар,
Жерде желмен жалғасар,
Дүниеден әр қашар.

Мен келгенде жер үсті,
Түрге енеді келісті.
Қар менен мұз ығысып,
Жер көктейді, күн ысып.

Қар менен мұз жылайды,
Таудан сулар құлайды,
Жылға болып ұзайды.
Мерейі өсер көңілдің.

Қар кепкен сайлары:
Жасыл көлге айналды.
Жер жасарып, жайланды,
Лебі өсті өмірдің.

Айдың нұры төгілді,
Жұлдыздар да өрілді.
Ақша бұлттар көрінді,
Шапқылады бұлақтар.

Қар астында үздіккен,
Шешек атты гүл біткен.
Шаттық есті тірліктен,

Көз тартады қыраттар.

Жердің бетін гүл алар,
Бүршік атар, бұралар.
Құшақтасып тұр олар,
Ашылады, шалқиды.

Жаңбыр жерге нәр берді,
Гүл шешініп, сәнденді.
Жазбен бірге ән келді,
Жұпар иіс аңқиды.

Жұтып нәрлі күн нұрын,
Қызыл-жасыл гүл бүгін.
Құшақтайды бір-бірін,
Таңданасың, ғажап тым!

Көкте тұман қалмады,
Аққу бұлттар шарлады.
Найзағайлар самғады,
Жебесіндей садақтың.

Төкті жерге ай нұрын,
Шапқылады тай-құлын.
Үйір-үйір жылқылар
Кісінесіп шұрқырар.

Қырат, шындар құлпырып,
Жас шалғынға тұр тұнып.
Көлдер сұлу көрінер,
Сиыр, бұқа мөңірет.

Құлан — түздің жүйрігі,
Тік шаншылып құйрығы.
Қырға қарай құйғыды.
Жазды олар да қуптады.

Киіктер де зырлады,
Арқарлар да шыңдағы.
Бір орында тұрмады,
Жазылмайды жұптары.

Қой, ешкілер семіріп,
Сауын малдар бөлініп.
Сүт ағады төгіліп,
Жамырайды қозы-лақ.

Жылқы оттайды күйленіп,
Жалды, қоңды күйге еніп.
Бектер мінер тарлан да
Жаз болмаса самғар ма?!

Шабар атқа күш керек,
Мінер атқа күш керек.
Күйлі жылқы ойнайды
Бірін-бірі тістелеп.

Қыс келгенде жұлынып,
Бора нсоғып, күн ұлып.
Бүрсеңдейді тығылып,
Құс та сайрай алмайды.

Жазбен жайнап бар алап,
Гүл атады дала, бак.
Ылғи мені сағалап,
Қарлығаш та самғайды.

«Жыл атаулары» туралы аңыз

Түріктер он екі түрлі хайуанның аттарын алып, он екі жылға ат берген. Балаларының жастарын, соғыс тарихтары мен сол секілді басқа жағдайларды сол жылдардың айналуымен есептеп шығарады. Оның келіп-шыққан түп-тамыры мынадай:

Түрік қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл ілгеріде өткен ұрысты талдап үйренбекші болған, сөйтіп сол ұрыс болған жылды анықтаған кезде жаңылысқан. Сол мәселе хақында қаған халқымен кеңесіп, құрылтайда: «Біз бұл тарихыты анқытағанда қалай қателессек, біздің келешек ұрпақтарымыз да солай қателеседі. Сондықтан, біз енді он екі ай мен аспандағы он екі бұржыны негізге алып, әрбір жылға бір ат қояйық, бізден кейінгі жыл қайыру жылдардың айналысымен есептелсін, бұл біздің арамызда мәңгіге жәдігерлік болып қалсын» - депті. Халық қағанның бұл айтқандарын «солай болсын» десіп, құптайды.

Сол оймен қаған аңға шығады да барлық жабайы хайуандарды Іле өзеніне қарай қууды бұйырған. Бұл ағысы қатты үлкен дария. Адамдар аң аулай жүріп, хайуандарды Іле өзеніне қарай қуады. Бірқатар хайуандар суға секірген. Солардың он екі түрі судан жүзіп өтеді. Сөйтіп, он екі жылға сол он екі хайуанның аты берілген. Судан ең алдымен тышқан жүзіп өткен. Сол үшін жыл басы соның атымен аталып, «тышқан жылы» деп ат қойылған. Одан

кейін судан өткендер төмендегі ретпен шығып, олардың әрқайсысы бір-бір жылдың аты болып қалыпты:

Сиыр жылы;
Барыс жылы;
Қоян жылы;
Тимсах жылы (Нек-ұлу);
Жылан жылы;
Жылқы жылы;
Қой жылы;
Мешін жылы;
Тауық жылы;
Ит жылы;
Доңыз жылы.

«Тоңұз» Доңыз жылына жеткеннен кейін, жыл қайыру тышқан жылынан қайта басталады. Бұл кітапты жазған жылымыз төрт жүз алпыс алтыншы (466) жылдың Мұхаррам айы болып, жылан жылы кірген еді. Бұл жыл өтіп төрт жүз алпыс жетінші жылға аяқ басқанда, жылқы жылы кіреді. Жыл санау осы біз көрсеткен тәртіп бойынша жүреді.

Түріктер бұл жылдардың әрқайсысында бір қасиет бар деп нанған. Мәселен: олардың көзқарасынша сиыр жылы кіргенде, ұрыс көп болады, себебі, сиыр бір-бірімен көп сүзісетін хайуан. Тауық жылы келсе, азық-түлік көбейеді, адамдардың қам-қарекеті көбейеді. өйткені тауықтың жемі дән, оны тауып, теріп жеу үшін тауық әрнәрсені шоқып, теріп жүреді.

Нек жылы кірсе, жауын-шашын, су мол болады да, егін бітік шығады, өйткені ол су хайуаны.

Доңыз жылы кірсе, қар қалың жауады, қатты суық болады, бітнә көбейеді. Түріктер тағы сол сияқты әр жылға әрқилы болжам жасайды.

Түріктерде аптаның жеті күнінің аты жоқ. Сол себепті «апта» деген ұғым исламнен кейін мәлім болды.

Айлардың аттарына келсе, қалаларда арабша ай аттары қолданылады. Көшпенді, мұсылман болмаған түріктер жылды төрт мезгіліге бөліп, әр үш айды бір атпен атайды. Жылдың өткенін сол жолмен білдіреді. Мәселен: Наурыздан (жана күннен) кейінгі айды «Ұлұқ оғлақ ай – Ұлы оғлақ айы» (үлкен көктем айы) дейді. Одан кейінгі айды «Ұлұқ ай –Ұлығ ай; үлкен ай» дейді, өйткені бұл ай жаз ортасында болып, осы кезде жердің жүзі түрлі берекке толып, мал-жандар оңалып, семіреді, сүт көбейеді және сол сияқты басқасы да жетіледі.

Шу қаласы туралы аңыз

Түркмен: Бұлар оғыздар.

Олардың «түркмен» деп аталуы хақында мынадай хикая бар:

Зұлқарнайын Самарқандтан асып, түрк қалаларына қарай беттеген кезде, түркілердің Шу есімді бір жас хақаны болған екен. Ол үлкен қосынның иесі болған. Баласағұн жанындағы— Шу қаласын өзі салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс рет дабыл қағылып тұрған. Батыр, хақан Шуға Зұлқарнайынның жақындап қалғандығы жөнінде хабар жеткізіп: «Зұлқарнайын жақындап келіп қалыпты. Онымен соғысамыз ба, не істейміз?» — деп сұрапты.

Хақан Шу Хожанд дариясының бойына қарауыл қойып, әрі Зұлқарнайынның өзеннен өткенін хабарлау үшін сол өзен жаққа таңдаулы қырық тарханнан шолғыншы жіберіп отырса керек. Олар жасырын жөнелтілген. Шолғыншылардың кеткендігінен хан қосынындағылардың

бәрі бейхабар, ешкім білмейді екен. Оларға қарағанда хақанның көңілі жай, жүрегі орнықты екен. Хақанның жорыққа, сапарға шыққанда қоса алып жүретін күмістен құйылған хауізі бар көрінеді. Оған су толтырғаннан кейін қаз, үйрек жүзіп, сүңгіп ойнайды екен. «Зұлқарнайынмен соғысамыз ба, қайтеміз?»-деп сұрағандарға: хәуізін көрсетіп: «Қаз, үйректерді қарандаршы, қалай сүңгиді екен?» - деп жауап береді. Хақанның жауап орнына айтқан сөзі адамдарды ойлантып тастайды. Олар бұдан «Хақан Зұлқарнайынмен ұрыспақшы да емес, өзі бір жаққа шегінбекші де емес» деген дүдәмал ойға қалады. Зұлқарнайын дариядан өтеді. Шолғыншылар оның дариядан еткенін хақанға түнделетіп келіп хабарлайды. Хақан сол түнде дабыл қақтырып, Шығысқа қарай жолға шығыпты. Хақанның әзірліксіз жолға шыққандығынан халық ішінде алаңдау туып, әбігер болады. Ылау тапқандары асығып-аптығып, мінгесіп-ұштасып хақанның соңынан еріпті. Әбдірегендіктен, сасқандықтан бірі-бірінің ылауына мінісіпті. Таң атқанда үлкен бір сайға келіп кіреді. Ол кезде Тараз, Ісбіжап, Баласағұн қалалары салынбаған уақыт. Бұлардың бәрі кейін салынған. Ол жерлерде киіз үйлерде тұратын көшпенділер өмір сүретін. Хақан өзінің қосынымен түнделетіп аттанғанда, жиырма екі адам олармен бірге кетуге ылау таба алмай, бала-шағаларымен сол жерде қалып қояды. Осы жиырма екі ауыл осы жерде тұра берсек деп кеңесіп тұрғанда, олардың қасына екі кісі келіп қосылады. Олардың бала-шағалары да қастарында бірге екен. Жүктерін арқаларына артып алып, қосынның соңынан кетіп бара жатқан беттері болса керек. Арып-ашып, шаршаған, қиналған, жүк артып терге малшынған. Осы екі ауыл, қалып қойған жиырма екі ауылға қосылып, тілдеседі. Екі түтін оларға: «Ай, адамдар! Зұлқарнайында бір жолаушы, ол бір

жерде тұрмайды, біздің жерде де тұрып қалмай өтіп кетеді. Біз бәрібір өз жерімізде өзіміз қаламыз», - деседі. Олар екі ауылға: «Қал ач - Осы жерде қалындар, осы жерде тұрып қалындар» — депті. Кейін олар «Қалач» - деп аталып кеткен. Қалачтардың түп негізі солар. Олар екі тайпа жұрт.

Зұлқарнайын келгенде олардың ұзын шаштарын, түрктерге тән қасиет белгілерін көріп, жөн сұратып сөйлеспестен-ақ «түркмәнненд» дейді. «Түрктерге ұқсайды» дегені екен. Содан кейін осы атау солардың аты болып қалған. Негізінде олар жиырма төрт рулы жұрт. Әйтсе де, ежелгі әдетпен жиырма екі ата қалған екеуінен өздерін бөлек санайды. Сол себепті олар оғыз деп есептелмейді. Бұл сөздің жөні де солай.

Хақан Шу Шынға өтіп кетеді. Зұлқарнайын оның соңына түседі. Ұйғырларға жақын жердің бірінде Шу хақан Зұлқарнайынға бір бөлек қосын жібереді. Зұлқарнайын қарсы қол салады.

Бұл шайқас «Алтұн қан» деген бір тауда болған еді. Қазір ол тау «Алтұн хан» деп аталады.

Зұлқарнайын мен хақан Шу сол жерде бітімге келеді. Одан кейін Зұлқарнайын ұйғыр қалаларын салдырды; сол жерде біраз тұрып қалды. Зұлқарнайын қайтып кеткеннен кейін Шу хан қайтып келеді де, Баласағұнға қарай ілгері басады. Содан соң өзінің атымен аталып кеткен Шу қаласын салдырады. Сол жерді ырымдап тылсымдатады. Күні бүгінге дейін ләйлектер сол тылсым сиқырлы қала маңынан асып кете алмайды. Шахар тұсына келіп тоқтап тұрып қалады. Әрі қарай өте алмайды. Сол тылсым күні бүгінге дейін бұзылмай сақталып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. – 280 б.
2. Кешин К. Судьба и наследие первого тюрколога. – Простор. – 2006. - №1. – С.123-128.
3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.3. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.
4. Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – 248 б.
5. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. - М., 1989, С. 33.
6. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.
7. Махмуд ал-Кашғари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
8. Brockelmann С. Mahmud al-Kasgharis Darstellung des turkischen Verbalbaues. Keleti Szemle, xviii (1918-1919). - С 29-49.
9. Brockelmann С. Altturkestanische Volksweisheit. Ostasiatische Zeitschrift, viii (1919-1920). - С 50-75.
10. Brockelmann С. Mahmud al-Kasghari uder die Sprachen und Stamme der Turken im XI Jahrhundert. Korosi Csoma Archivum, i/I (1921). - С 26-40.

11. Brockelmann C. Mitteilurkis=er Wortschatz nach Mahmud al-Kasgaris Divan Lugat at-Turk. – Budapest-Leipzig, 1928.
12. Bergstasser C. Das Vorbild von Kasgari's Divan lugat at-Turk. Orientalistische Literatur-zeitung, xxiv(1921). - С 154-155.
13. Қалиева К.М. Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары: пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. – 132 б.
14. Hommel F. Zu den altturkischen Sprichwortern. Asia Major, Hirth Anniversary Volume, 1924. - С 182-93.
15. Малов С.Е. Образцы древнетюркской письменности с предисловием и словарем. - Ташкент, 1926.
16. Чобанзаде Б. О близком родстве тюркских наречий / Первый Всесоюзный тюркологический съезд. 26 февраля - 5 марта 1926 г. - Баку, 1926. - С. 96-102.
17. Жузе П. К. Thesaurus Linguarum Turcorum // Известия Восточного факультета Азербайджанского государственного университета им.В.И.Ленина. Востоковедение. I, Баку, 1926. - С. 74-94; II, 1927. - С. 27-35.
18. Велидов Дж. О Словаре турецких языков Махмуда Кашгарского // Вестник научного общества татароведения. - Казань, 1927. Т. 7. - С. 107-112.
19. Фитрат А. Образцы древней тюркской литературы. - Ташкент, 1927.
20. Коргили М. F. Turk dili ve edebiyati hakkında arastirmalar. - Istanbul, 1934. - С 33-34.
21. Коргили М. F. Turk dilcisi Kasgarh Mahmut. - Ankara, 1938.
22. Коргили М. F. Turk dili tarihi notlari, i, Istanbul, 1943. - С 42-45.

23. Коргилу М. Ф. La litterature de l'epoque des Karakhanides // *Philologiae Turcicae fundamenta*, ii, Wiesbaden, 1964. - С 267-175.
24. Коргилу М. Ф. Kasgarli Mahmut. - Istanbul, 1970.
25. Validi Togan A. Z. Divan-i Lugat ut-Turk'un telif senesi hakkında // *Atsiz mecmuasi*, ii, no. 16 (1932). - С 77-78.
26. Validi Togan A. Z. Mahmud Kasgari'ye ait notalar // *Atsiz mecmuasi*, ii, no. 17 (1932). - С 133-136.
27. Herrmann A. Die alteste turkische Weltkarte (1076 n. Chr.) - *Imago Mundi I* (1935). – С. 21-28.
28. Умняков И.И. Самая старая турецкая карта мира (XI в.) // *Труды Самаркандского государственного педагогического института имени А. М. Горького*. I. Вып. 1. - Самарканд, 1940. - С. 103-132.
29. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. I. М.-Л., 1939. С. 31-37, 309-313.
30. Кононов А.Н. Изучение «ДивануЛугат ит-Турк» Махмуда Кашгарского в СССР // *Советская тюркология*. - 1973. - № 1.- С. 4.
31. Pritzak J. Mahmud Kasgari kimder. – *Turkiyat Mecmuasi X (1951-1953)*7 – С.243-246.
32. Bombaci A. Storia della letteratura turca. - Milan. 1956. – С.81-106.
33. Ахаллы С. Словарь Махмуда Кашгарского и туркменский язык (на туркменском языке). - Ашхабад, 1958.
34. Ибрагимов С.К., Храковский В.С. Материалы из истории образования казахского языка // *Известия АН КазССР. Серии истории, археологии и этнографии*. 1959. Вып. 2 (10). С. 94-100.

35. Кононов А.И. Изучение «Дивану Лугат ит-Турк» Махмуда Кашгарского в СССР// Советская тюркология. Т. 1. - 1973. - С. 5-9.
36. Стеблева И.В. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. - М.: Наука, 1971. - 299 с.
37. Хасанов Х. Географическое наследие ученых Средней Азии: автореф. дис. докт. - Ташкент, 1967. - 42 с.
38. Dankoff R. Kasghari on the Tribal and Kinship Organization of the Turks // Archivum Ottomanicum IV (1972). С 23-43.
39. Dankoff R. The Alexander romance in the Diwan Lughal at-Turk// Humaniora Islamica I (1973). С. 233-244.
40. Dankoff R. Kasghari on the Beliefs and Superstitions of the Turks // Journal of the American Oriental Society 95.1 (1975). С 68-80.
41. Dankoff R., Kelly J. On defining Dhu al-'Arba'a // Journal of the American Oriental Society 91.1 (1971). 132-136.
42. Короглы Х. Древнетюркская литература. - Советская тюркология. - 1988. Т. 5. - С. 16-21.
43. Халидов А. Б. «Диван Лугат ит-Турк» в сравнительном освещении с его арабским прототипом. - Советская тюркология. - 1984. Т. 4. - С. 85-90.
44. Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках V в. до н.э. – XV в. н.э. – Алматы, 1998. – 240 с.
45. Ирмуханов Б.Б. Тюрки: Судьба эноса и этнонима. – Мысль. – 2006. - №1. – С.72-79.

46. Ирмуханов Б.Б. «Диван лугат ат-тюрк» Махмуда ал-Кашгари как исторический источник. - – Мысль. – 2007. - №6. – С.68-79.
47. Құрышжанов А. Түркі тілдері бойынша алғашқы зерттеу жұмысы туралы (Махмұд Қашғари еңбегінің 900 жылдығына). Жинақта: Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969. - 276 с.
48. Қоңыратбаев Ә. Қарахан мемлекеті тұсындағы жазбалар. Кітапта: Көне мәдениет жазбалары. - Алматы: Қазақ университеті, 1995. - Б.76-88.
49. Суюншалиев Х. Становление и развитие казахской литературы с раннего периода до конца XIX в. - автореф. дис. докт. - Алма-Ата, 1969. - 48 с.
50. Томанов М. Махмұд Қашқари // Кітапта: Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғ.). - Алматы, 1964. Б.153-166.
51. Өміралиев Қ. YIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. - Алматы, 1985. Б.45-96.
52. Мусабаев Г.Г. Некоторые сведения о жизни Махмуда Кашгари // Исследование по тюркологии. - Алма-Ата, 1969. - С. 48-62.
53. Исхакова Н. М.Қашғари сөздігіндегі тура толықтауышты меңгеру //Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары, қоғамтану сериясы. – 1972. - март-апрель. Б.69-72.
54. Кайдаров А.Т. Уникальный лексикографический труд // Вестник АН Каз ССР, Вып.2. – 1960. - С.109-111.
55. Оразбеков А.У. Этическая мысль в Казахстане (с раннего средневековья до конца XIX в.). - Алма-Ата, 1982. - С. 24-36.

56. Аманжолов К. Түркілер туралы не білеміз?//Қазақстан тарихы.- №2. -1993. - Б.5-10.
57. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары): филол. ғыл. докт. дис. - Алматы, 2000. - 288 б.
58. Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі: филол. ғыл. докт. дис. - Алматы, 1999. - 282 б.
59. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.
60. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
61. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – Б.10-39.
62. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
63. Храпченков Г.М., Храпченков В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана. – Алматы: Университет «Кайнар», 1998. – 168 с.
64. Егеубаев А. Қауіп-қатерге қазақтың дауасы – ұлттық рух. – Егемен Қазақстан. – 2000. – 8-қаңтар.
65. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
66. Сұлтанхан Ә.О. Орта ғасырдағы түркі әдебиеті мен қазіргі қазақ поэзиясындағы рухани адамгершілік дәстүр жалғастығы. - филол. ғыл. канд. дис. - Алматы, 2005. - 145 б.

67. Ибраева К.Ж. Развитие педагогической мысли в Казахстане (период средневековья). – Усть-Каменогорск, 2004. – 136 с.
68. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 243 б.
69. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: Елорда, 2000.

Мазмұны

Кіріспе	3
Тақырып 1. Данышпан ғалым, кемеңгер ұстаз М.Қашқаридің өмірі мен оның атақты еңбегі «Диуани лұғат-ит-түрк» («Түрік сөздігі»)	5
Тақырып 2. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат- ит-түрк» («Түрік сөздігі») атақты еңбегі бойынша зерттеулер	12
Тақырып 3. М.Қашқаридің «Түрік сөздігі еңбегі» - қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі	20
Тақырып 4. М.Қашқари еңбегіндегі тұлға мәселесі	27
Тақырып 5 М.Қашқари еңбегіндегі тәрбие мазмұны	36
Тақырып 6. М.Қашқари дидактикасы	56
Тест сұрақтары. Кемеңгер ұстаз, данышпан ғалым М.Қашқари туралы не білесіз?	65
Реферат тақырыптары	71
Шығармашылық тапсырмалар	73
Қосымша материалдар	75
Әдебиеттер тізімі	88